

П И О Н Е Р




СЕНТЯБРЬ

1955 ЖЫЛ

№ 9

АЛМАТЫ



Х. ЕРҒАЛИЕВ

АЛҒАШҒЫ КҮНІ

Аспан ашық,
алғашқы
 Оқу күні қыяда;
 Көше бойлап, ағашты
 Жағалайды Зыяда.

Әр қақпаның алдында
 Әжелері құттықтап,
 Бұған бола шалдың да
 Тұрғаны бар көп тоқтап.

— Қара... Мұның әліппе
 Құшақтарлық болғанын!..
 — Ертең-ақ қой әріпке
 Көзі жетік бұл — ғалым!..

Әркім бұлай жігерлі
 Айтқан сайын тілегін,
 Ыстықтатып жіберді
 Әке қолы білегін.

Мектебінде енді ойы;
 Көрді неше қыз-ұлды.
 Зыяданың өң бойы
 Өлшеуі жоқ қызынды.—

Қызынады сау денен
 Достар үшін есіткен...
 Достар ашақ сәулемен
 Бірге кірді есіктен.

Бірінші рет жауапты
 Достар сағат алдында,
 Мұнда бейне сауатты
 Қабырғасы залдың да...

Әке қалып есікте,
 Алға кетті Зыяда,
 Емес енді бесікте,
 Ғажап бірақ ұяда.

Зыядамыз ортадан
 Көз жіберіп ол-бұлға,
 Алдағы бір партадан
 Орын алды он жылаға.

...Гүл ішінен бір адам
 Қылатыады, күледі.
 Көз алмайсың бір оған —
 Мұғалімі бұл еді.

Жада ғана отырып
 Ойлағанын ұғамын,
 Енді құшақ толтырып
 Гүл көтерді мұғалім.

Енді тыным табамыз
 Гүлдеген жұртта біз,
 Енді есікті жабамыз,
 Әке мен біз сырттамыз.





Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 17 жыл.



ҚАРТ МҰҒАЛІМНІҢ ӘҢГІМЕСІ

Біздер: біріміз томардың, біріміз жайылған кенептің, біріміз көк шалғынның үстінде отырмыз. Алдымызда, кең орындықта география пәнінің мұғалімі Владимир Иванович.

— Владимир Иванович, бізге қызық әңгімелер айтып беріңіз!

Бұл сөз тегін шыққан жоқ: ол кісі—өмірдің үлкен шежіресі. Жасы жетпісті қусырып қалғанымен әлі дыйлы да көңілді. Владимир Иванович көп жiнiн кезген. Орыс география қоғамының ғылыми саяқаттарына қатысқан, Монғолия мен Қытайда болған, Калькуттаны аралаған адам.

Жағып отырған костерымыздың жалыны аспанға лаулай түседі. Біздер биік таулардың қоршауында құзда отырмыз.

— Алексашка, сенің шешен Москвадан

қайтты ма? — деп сұрады Владимир Иванович әңгіме бастаудың орнына.

— Келгеніне бір апта болып кетті,— деп жауап берді қарақат көз бала, танауын бір тартып.— Сізге сәлем айтты.

— Рақмет. Егер ол осы жаққа келетін болса, маған айтарсың — деп Владимир Иванович борға малған күректей ақ сақалын бір сыйпап қойды да, түнгі қараңғылық басқан аулаққа тесіле қарап ойға кетті...— Жарайды, қатты тыңдағыларың келсе, бірдеңе айтайын.

— Тыңдағымыз келеді, тыңдағанда қандай, Владимир Иванович,— деп біз бұрынғымыздан да жыйналыса отырыстық.

— Бұған көп уақыт, 40—45 жылдар болған еді,— деп бастады Владимир Иванович.— Мен Қазан университетінде оқып жүріп, жыл

сайын жазда өзімнің туған деревняма келіп қайтатынымын. Міне, соның бірін сендерге айтып берейін.

Ол университетте Валентина Павловна да (біз ол кісіні білеміз — бізге ботаникадан сабақ береді) оқушы еді. Ал, оның туыстары Самарда болатын. Мен кеме күтіп сол арада үш күн жаттым. Өйткені, толассыз жауған нөсер Волга бойындағы кемелерді жүргізбей қоятыны бар-ды.

Ақыры күн ашылып, дауыл да басылды. Ертеңгі шай үстінде жақындап келе жатқан көменің айғайы да естілді. Мен дереу жыйналып үй ішіндегілермен қош айтыстым да, кеме тоқтайтын жерге тұра жүгірдім. Қақпаға жақындай бергенімде мені Валентина Павловна қуып жетіп:

— Сізбен бірге мен де барып қайтсам қайтеді? — деді.

Мен қуанып кеттім. Менің өзімнің де ерте кеткім келгенімен, ол ойды айтуға батылым жетпей тұр еді.

Самардан Хвалинскийге жеткенге шейін біз көменің үстінде болдық. Волга ақ жауыннан кейін сабасынан асып мейлінше шалқый түскен. Дарияның шалқыған суына жазып тастаған жібек кілемдей құлпырған көк майсаға көз тояр емес...

Ертеңгі тұнық ауамен бірге Хвалинскийге біздің кемеміз де келіп тоқтады.

Біз шағын өзеннің үстіндегі ағаш көпірден өттік те бетті селоға түзедік. Алдымызда қасына кішкентай баласын ерткен әйел келе жатыр. Бір қолына буыншағын ұстап, екінші қарына орағын асыпты та, белін үзік-үзік жіппен қынай буып алыпты. Қолаң шашын желкесіне шарт түйген бұл әйелдің сол жақ мыйғындағы меңі, қолмен қойған нокаттай, жарасып тұр. Қандай сұлу жан десеңші!

— Әй, жол бер! — деді, дауыстап ат айдаушы.

Еңсесі түскен әйел мұны елең де қылған жоқ. Ол басын көтерместен түнерген қалпы жолдан шығып ілби берді. Оның осынша он жырғасы түсуі біздің жүрегімізді тілгілегендей болды. Мұны көріп Валентина Павловна:

— Әбден мәңгіріп кеткен. Арбамен таптап кетсең де елең қылар шамасы жоқ. Сен бұл әбден мұршасы құрып зеңіп келе жатқан әйелге жылы сөз айтсаң да, ақырсаң да бәрі бір, ол өлген адаммен бірдей селт етпейді, — деді.

Туған селоға да келдік. Шуласқан балашаға келісімен бізді қоршап алды. Олар менің келуімді жыл сайын осылай қарсы алып үйренген. Олар арбаның артына жүгіре жармасып

келеді.

— Володя ағай, ертең аң аулауға барасыз ба?

— Кандауровтардың үйі өртеніп кетті, оны сіз естідіңіз бе?

Міне, олардың айтып жатқандары. Бұған не демексің? Мен арбаның жанында тұрып не дерімді білмей құр күлемін. Бұлардың бәрі біркелкі, үстінде кенеп, қыйсық жаға көйлектері, шолақ шалбарлары бар. Шаштары алынбаған, ұйпалақ-ұйпалақ, ал өздеріне қарасаң лыпылдап тұрған пысық, көздері оттай жанады. Бұларға қарап тұрып балалық шақ жақсысың-ау, уайым-қайғы дегенді, аштық-жалаңаштық дегенді білмейсің сен, дедім мен ішімнен. Солайша сүйсіне қарап тұрғанда менің көз алдыма осылардың қайғылы болашағы елестеді. Анау қол-аяқтары тілім-тілім, үсті борша-борша, ертеден кешке шейін сақалынан тер шұбырта еңбектенген шаруалар қайдан пайда болған? Әрине олар да бір кезде осындай бала болған. Бейнеттің сірге қамытын кигенде, мынау жайнап тұрған балалық шақ солып, жырымдай жердің қыртысын қолмен тырмалайтын болашақ бейнетқорлар олар.

Сары шашы жібектей майда бір кішкене бала жүгіріп келіп, Валентина Павловнаға өзінің



қасіретін айтып жатты. Оның тамаша әдемі бір тотысы бар екен. Соны біреу ұрлап кетіпті.

— Тотым нағыз адамша сөйлесетін. Ертемен тұрғанда ол менімен қайырлы таң деп амандасушы еді. Әттең, тотым жақсы еді-ау,— деп күрсінді ол.

— Рас, қыйын болған екен. Енді сен қайғырма, тағы бір сондай жақсы тоты сатып ал,— деді Валентина Павловна. Сүйтті де баланың қолына 50 тыйын сөлкебай ұстатты.

Біз үйге кірсек, әкей де көршілес әртелімен егін басынан келіп отыр екен. Үйдегілер іле үлкен алма ағашының көлеңкесіне столды қойып жіберіп қоршай отыра бастады, Біздің келу құрметімізге дастарқан да мол болды. Мәз-майрам ас үстінде отырғанымызда менің құлағым солқылдап жылаған бір дауыс естілді. Дауыс егіннен қайтқан көліктерді доғарған шарбақтың жанында тамақ ішіп жатқан кедей шаруалардың жанынан шықты.

— Жарандар-ау, жарандар, баламды жоғалттым — деді өксіген әйел дауысы.

Мұны ести сала қорадан жүгіре шықсам да, жөз алдымдағы көріп тұрғандарыма сенбей қалта қарап тұрдым да қалдым. Валентина Павловна көрмеде құтырынып тұрған арғымаққа ырғып мініп, селодан құйғыта, әйел нұсқаған жаққа жөнелді. Арғымақтың сыры маған мәлім. Ол арпалысқан қызу, алып қашады. Оған әкейден басқа ешкім міне алмайтын, аял, әйелді ол әудем жерге барысымен-ақ лақтырып тастауы ықтимал. Менің зәрем ұшты. Не істеу керек?

Жыйналған жұрт тына қалып, құйғытып бара жатқан әйелге үрейлене қарады. Мен енді жүгіріп келіп көзінен қанды жасы сорғалап, шашын жайып жылап отырған әйелден:

— Тоқтаңызшы! Не болды, айтыңызшы? — деп сұрадым.

— Баляшымды, кішкентай қызымды, егін жайдың арасында жоғалттым! — деп еңіреді әйел. — Егіннің арам шөбін жұларда, оны егін жайдың арасында қалдырып кетсем, жоқ. Түс кезінде бір-ақ білдім.

— Ойбой, қасқыр жеп кеткен ғой. Біздің жерде бала жеп кәніккен қасқыр көп.

Мен мұны есіткенде не болғанымды білмей кеттім. Әлгі сөзді айтып тұрған адамның жүзінде ешбір қайғының, аяныштың белгісі жоқ. Мұндағыларға баланы қасқыр жеп кеткен қозының өлімі құрлы көрінбейді екен.

Мен де байлауда тұрған асау құнанды міне сала Валентина Павловнаның соңынан жөнелдім. Құнан аяғының астынан торғай пыр етсе де, томардан сауысқан шықылықтаса да, ке-

уектен қоян зыта жөнелсе де жалт етіп үркеді. Қанша үріккенімен есін шығара ағызып келемін. Құнанның арыны басылып жортуға түскенде, көзіме арғымақ көрінді. Ол қайыңның бұтағына байлаулы тұр. Бұл қалай деп қарасам, әудем жерде қызық уақытқа болып жаттыр.

Көк шалғынның ортасында кішкентай қыз отыр. Ол жылаған да, қорыққан да жоқ. Оның айналасында құлағы ербиіп бауырын жаңа ғана көтерген екі-үш бөлтірік жүр. Олар баламен ойнап біресе етегінен, біресе құлағынан, біресе қолынан жұлқыйды. Бөлтіріктер қақ қасында бұтаны паналап қызыға қарап отырған Валентина Павловнаны да көрмепті. Олар тек мені көріп қалып құйрығын бауырына қысып, маймақ аяқтарымен тойтаңдап апанға қарай тартып берді. Біз баланы алып үйге қайттық.

Бұл түні мен кірпік қақпадым, Айлы жарық түнде терезені ашып қойып, көзімді мойыл, қараған өскен баққа жіберіп еріксіз басқа бір ойларға кеттім. Сонда ең алдымен адамның қазіргі дәрменсіздігі мені қатты күрсіндірді...

Осы кезде Владимир Иванович қатты күрсініп, жерді шұқый берді. Анау қаршадай қызын жетелеп егін салған әйел, шаштары ұйпалақтанған ши борбай балалар, көліксіз шарбақтың сыртында үйіліп отырған кедей шаруалар, осының бәрі өткен күннің қайғылы суреттері оның көз алдынан тізбектеліп өтіп жатқан сыяқты.

— Өткен күндердің ауыр азаптарын біз ұмытпаймыз,— деді Владимир Иванович.— Ия солай, оның бәрі осы біздің туған жерімізде, біздің сүйікті адамдарымыздың басынан кешкен еді. Валентина Павловна әлгі әйелдің қызын өзіне әкеліп тапсырды да:

— Мә, мынаны сатып мұқтаждарыңызды алыңыз,— деп алтын сағат ұсынды. Ол әкесінен қалған сағат еді.

— Жақсы болған! — деді Алексашка.

— Жақсы болғанымен ол қаншаға апарады? — деді колхоз күзетшісінің ұлы, шегір көз Керім. Бір сағаттың ақшасымен қанша күнелтпекші? Сатсаң бір аз күн үнем болар, сонан кейін бәрі бір аштан өлесің!

— Неге аштан өледі? — деді Владимир Иванович.— Жоқ, олай емес. Олар тап бүгінге дейін тірі.

— Тірі дейсіз бе? — деп таңырқады Керім.

— Тірі болғанда қандай! Отан соғысынан кейін мен олармен кездестім, бірақ Волга маңында емес, мүлде басқа жерде. Біздің бәріміз де қартайғанбыз, баяғыдай көп кезіп жү-



руден қалғанбыз. Сондықтан, енді Қазақстанның астанасын мекендеуге тура келді. Бір жолы Пржевальскийден Қордай асуы арқылы жол шектік. Алдымызда мәуелеген жеміс бағы жатыр. Онан әрі қарай ұшы-қыйырсыз колхоз егіні жайқалады. Колхозшылар егін орағында. Біз қос басындағы адамдармен амандасып әңгімеге кірістік. Өстіп отырғанда Валентина Павловна шынтағымен мені ақырын нұқып қалып, алдына ақ алжапқыш байлаған, қолында тырнауышы бар егде әйелді мезгеді.

— Мына кісіні біз бір жерден көрген сыяқтымыз.

Кең маңдайлы, отты қара көздері, оң жақ мыйығындағы меңі, сонау бір өткен күндерді алдымызға алып келіп көрсете қойғандай болды. Күмістей ақ шашын желкесіне шарт түйіп тастаған. Волгалық тәрізді. Біздің Волгада әйелдер шашын осылай түйетін дестік.

— Сол ма екен?! — деп Валентина Павловна, сенер-сенбес пішінмен маған қарады. Сөйткенше әлгі әйел қолындағы тырнауышын лақтырып тастап, бізге тұра жүгірді. Көзінен жас парлап келеді.

— Валентина Павловна, Владимир Иванович! Аяулыларым-ау, шынымен сендермісіңдер! Жел аударған қаңбақтай қайдан келіп

тұрсыңдар? Есеп-аман жүрсіңдер ме? Сендерді қаншама есімде сақтағаныммен ешқашан көрермін демеп едім. Айтпақшы, алтын сағаттарыңды да жоғалтпадым. Аштыққа да, жалаңаштыққа да ұшырап жүрген күндерім болды. Бірақ, ешнәрсеге ол қымбатты ескерткішті жұмсамадым. Міне, енді біздің рақат өмірді өздерің де көріп отырсыңдар! — деп қуана сөзін аяқтады.

— Ал, сондағы қызың қайда? Өсті ме?

— О, ие дегеніңіз, өскенде қандай! Тұрмысқа шыққан, күйеуі, ұлы да бар. Агроном. Ұлы өткен заманның балаларындай емес, мектепте оқыйды.

— Әне көрдің бе, Керім, өлмеңгі, тірі екен, — деді Владимир Иванович. — Осы кезде қарттың көзінен ыстық жастың ыршып кеткенін байқап қалдық. Қарт білдіргісі келмей булығы төмен қарағанымен, тыңдаушылар жайдың бәрін түсінді. Мұғалім білдіртпей кірпіктегі жасты ақ орамалымен сүртіп, қалтасынан сағатты алды да Алексашкаға ұсынып:

— Қарашы, сағат неше болды екен? — деді.

Алексашка сағатқа түксие қарады да сұп-сұр болып кетті. Оның алақанында жатқан алтын сағаттың қақпағының ішкі жағына үш бөлтірік қоршаған кішкентай қыздың суреті салынған. Алексашкаға бұл сағат бұрыннан таныс. Бұдан 4—5 жыл бұрын ол әжесінің сандығында жататынды.

— Бұл біздің сағат! — деп салды ол.

— Енді ол менікі, — деді сабырлы жауаппен Владимир Иванович.

— Бұл сағатты сенің әжең, Мария Андреевна, менің өзіме қайтып берген.


Бұған Алексашка шыдай алмай жылап та жіберді. Керім оны иығынан қағып:

— Әй, несіне жылайсың, әлгі әңгімедегі қасқыр жеп қоя жаздады деп отырғаны сенің шешең екен ғой. Бағанадан бері неге үндемей отырдың? Ой, өзің осында қалай келгеніңді де білмейді екенсің ғой!

— Жә, Алексашканы қоңаштамаңдар, — деді Владимир Иванович. — Мария Андреевна қызы Валентина Захаровнамен мұнда көшіп келгенде Алексашка туған да жоқты... Ал, енді жарайды, барыңдар, ұйықтаңдар, жататын уақыт болды.

Біз тарасып кетіп жатқанда Владимир Иванович жалыны басылған қызыл шоқтың жанында терең ойға шомған күйі қала берді.

И. ШАБАЕВ.



Әке мен бала

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ.

Суреттерді салған Н. Лебедев.

Повестен үзінді

(Жалғасы, басы өткен номерде)

Баласын жақсы көрмейтін ата-ана жоқ. Жалғыз-ақ, әркім өзінше жақсы көреді.

Айжан апайдың Тайманға деген махаббаты Дәуреннің айналып-толғануынан бір де кем емес. Бірақ аз күлетін, мінезге ауыр, сырға тұйық, сөзге сараң Айжан махаббатын да ішке бүгеді. Бұл, мүмкін, оның тәрбие жайын жақсы білетін тәжірибелі педагог екеніне де байланысты шығар... Әйтеуір, баласын көргенде әжімі аз ақ жүзі нұрлана түсіп, сол жақ қабағын сәл жоғары керіп, ойлы көзін бұрыштандыра қарағанымен, ішке тартып, көп емірене қоймайды.

Әкесі мен шешесінің бір үйдің ішіндегі екі мінезін Тайман жастан түйіп өскен. Өзін әке құшағының бір он жылға еріксіз есейтегінін және жақсы біледі.

Айжан апай қазір де Дәуренше қалбаңдаған жоқ, толық бетіне нұр жыйып, бар ықласымен баласына райлана қарады: әлде нені барлап та тұрғандай:

— Қарағым, практиканды жақсы өткіздің бе?

— Жақсы өтті, мама!

— Жер сыры терең болар,— деп, Айжан баласына жақындай түсті.

— Ғажап нәрсе..

Айжан баласынан гөрі өзімен көбірек кеңесіп тұрғандай,

— Солай, солай ғой!..— деп, сәл іркіліп, ойлана сөйледі: — Бұл жердің сырына көкең құштар. Дүниеде өзіннен кейінгі қыймасы осы жер,— Айжан жүзінде күлкі ойнады: — Маған салса, сенің мектепке кітап жазып беретін оқымысты болғанын керек. Ал, көкең аспирантураға да қалдырғысы келмейді. Оқуыңның бітуін асыға күтіп жүр. Сондағы ойы — сені осы арадан жібермеу. Балам мұнай көзін табады, мен қазамын, екеуміз бір жіптің екі ұшын ұстаймыз деп, кеше келешек жөнінде өз пәлсапасын соғып, толғанып отырып алғаны бар емес пе. Жаңа көрген жоқ па сендерді?

Бұл кезде үйге Мұңал да кірген:

— Көрмеуші ме еді, баласын қолтығына қысып, бірге әкете жаздаған жоқ па,— деп, шегір көзін құлана ойнақшылтты. Тайманмен кездесуі бүгін болғанмен, Мұңал бұл үйдің сыралғы адамы еді.

— Әне, солай ғой ол, сөйтеді де жүреді... Сол қалбаңдауымен өтеді де жазған...— Айжан кухняға беттей бере қайта тоқтады:

— Жә... не ғып тұрсындар, шешініңдер.

Күйеуінің Айжан білмейтін қалтарысы жоқ. Бұлар бірге тұрып, ыстық-суық күндерді бірге кешкелі қашан. Бірақ ол Дәуреннің өмірде бір адаммен шындап жүз шайысқанын көрген емес. Семьяда да сол: не әйелінің, не балаларының бетіне жел болып тимей-ақ келеді. Қайта Айжан ертеректе бір рет қатты келіп:

— Сенің не адам екенінді білмеймін. Кеше әне бір адырақ қара бастықпын деп ақшаң-ақшаң етіп, жөнсіз жазғырып жатыр. Құлағың салбырап тұра бергенше, тіл қатып, жауап айтпас болармысың.— дегенде, Дәурен үнсіз күле тыңдап, жайбарақат қалпын бұзбастан отыра берген соң ыза болып, күйіп кетіп, өз ойындағы ұшқары байлауының шетін танытып алғаны бар:


— Ашусыз ақыл тұл деуші еді, құр қаңғалақтағанымен ақылдан кендесің-ау өзін...

Айжан осы сөзден кейін одан ашу күтіп еді, бірақ күйеуінің бұрышқа қадалып, қыйнала қабақ шытып, баладай мұнайып қалғанын көрді де, ынғайсызданып, тұрып кетті. «Адырақ қара» ғана емес, өзінің де орынсыз тиісіп жүргенін сезініп, тағы ойға қалды «Жазықсыздан жазықсыз ылғи өзін кінәлі санайды, мұнысы несі, жаным-ау!..»

Айжан өз байлауының ұшқары екенін кешікпей ұқты: Дәурен тек жауға ғана кектенеді екен, қырық бірінші жылы бір күнде өзгеріп шыға келді.

Залдағы жарық сөндіріліп, пердесі баяу сырғып сахна ашылды. Бұл екі баланың күткені де осы еді.

Концерт Тайманды қатты қызықтырды. Билетсіз кіргендігі де, орны жоқтығы да,— бәрі де есінен шығып, аузын ашып, сахнаға қадалып қалған. Рояль мен домбыраның, қобыз бен сырнайдың қосыла құбылған сырлы үні бойын билеп, қанын қыздырып әкетіп барады. Балеринаның билегенде төбесінде ойнап, майыса, мизамдай толқыған сүйрік саусақтары бұған ауада жай есіп, жүзіп жүргендей боп кетеді де, ернін бүре, көзін едірейтіп кейде орнынан ұшып тұра келеді.



Жаңа ғана шахтер киімінде билеген балерина енді бірде басына зонтик көтеріп, ұсақ қытай қызы боп шығып келе жатқанын көргенде Тайман өзін де, өзгені де ұмытып, бар даусымен сақ-сақ күліп жібереді. Мұны етегімен жасырып кіргізген ересек бала артынан сыбырлап, желкесінен жұлқып қалғанда ғана Тайман есін жыйнап, ернін тістеп бұға қалады.

Өстіп отырған Тайманға әлгі бала тағы сыбыр етіп: — Мәс саған, көкеңді қара,— деп қалды.

Тайман сахнадан көзін тайғызып, жалт қарап еді, әкесі бүйірдегі есіктен кіріп, қабырғаны жағалап, сонау алдыңғы қатардан бері жылысып келеді екен. Үстінде жұмыс киімі, қолынан төрткүл кенеп қолғабын да шешпепті, шамасы, мұнда үйден емес, тура өндіріс басынан келген. Сахнадан түскен жарыққа беттері ғана сәулеленіп отырған адамдарды көзімен санағандай, әр қатардың тұсында кідіріп-кідіріп қалады. Жұрт мұнымен ісі жоқ, сахнаға қарайды, мұның сахнамен ісі жоқ, жұртқа қарайды.

Қонақтаған тауықтай балконнан басы қылтыйып отырған ересек балалар көп еді, оған Дәурен көз де салмайды. Сірә алдымен балконды сүзіп шыққан болса керек.

Тайман әкесі жақындаған сайын бұғып, жасырына түсіп еді, қасындағы естияр бала үлкендігін істеді:

— Қой, бұқпа! Дәурен аға, Тайман мұнда отыр.

Дәурен селт етіп, тез басып бұларға келді.

Тайман таң қалғанда, әкесі мүлде ренжіген жоқ. Еңкейіп, өз баласы екенін анықтап біліп алды да:

— Өй шыбыным,— деп сыбыр етіп, залдан шығып кетті.

Есік алдындағы бақылаушы әйелге Дәурен шыға бере рахметін жаудырып жатқан болса керек, анау есікті ұзақ уақыт жартылай ашып тұрып, сырттан түскен саңылау жарықта әрі қарап, қайта-қайта шұғып, ризалықпен бас изеп жатты.

Осыдан екі сағаттай өткенде концерт те аяқталды. Екі бала елден бұрын жүгіріп шыққан. Тайман рақаттана күліп, клубтың сыртқы есігін ашып еді, биік баспалдақ үстінде жападан жалғыз отырған әкесін көрді. Жұмыс киімімен концертке де кіре алмай, баласын тастап үйге де кете алмай отырып, қалғып кетіпті. Есік ашылғанда селк етіп, еңсесін көтеріп алып, Тайманға құшағын жая ұмтылды:

— Құлыным-ау, жырадағы суға түсіп кетті ме деп, зәрем ұшқаны бар емес пе?!

Бірақ, онда Дәуреннің бұл әрекеті баласына ешқандай әсер етпеген. Әкесі мұнша неге бәйік болады, мұның сыры неде? Оны ойлап жатуға Тайман міндетті де емес, шыдам да таба алмас еді.

Міне, дәл сол мінезін көп жылдан кейін бүгін, мынау жаңбырлы түнде тағы қайталады. Бұл жолы аяулы әке жүрегін терең түсінген, тебірене түсінген Тайманның не істеудің бабын таппай, демі дірілдеп:

— Түү, көке-ай, мен бала емеспін ғой,— дегені реніш те емес, өкініш сыяқты да емес, елжіреген іш толқынының, мың құбылған иірімі көп, сыры пәзік те тілі жоқ ыстық толқынының сыртқа жөндел шыға алмай булығы ғана, адам баласының өз бо-

йындағы жанындай лап етіп, алаулай қалатын осындай бір отты сезім алдында дәрменсіздігіне куә ғана.

Демалыс күні еді.

Бүгін Қоңыр он жасқа толған. Дәурен үйіне қопақ шақырды.

Бар мүлкі ауыз үйге жыйналған, төргі кең бөлме кісіге толы. «П» әрпінше қойылған ұзын столды қоршалай отырысып, қызу сөз, көңілді күлкілерін ашық терезелерден көшеге шалқыта шығарады.

Қонақтардың көбі—Дәуренмен жылдар бойы жұмыстас келе жатқан мұнайшылар. Бір қатарын Тайман да таныйды. Оның таңқалғаны — осылардың бәрі өндіріс ішінде киімдері майға баттасқан өңкей кара өнділер еді, бүгін бәрі ағарып шыға келіпті. Киімдері таза, шетінен интеллигент. Мұналдың да үстінен көк комбинезон түскен. Тамаққа толы стол үстіндегі тарелкалар арасында мойындары қылқыйған көк шөлмектер көп, соның бірін еңсере, еркін сілтеңкіреп алған Мұнал алабұрта қапты. Әшейінде қағілез жігіт бүгін тіпті жеңіл — аумаған әдемі киімді артист, шашын желпілдетіп, Дәурен қолындағы домбыра үніне елігіп, ойқастап-ойқастап қояды.

Үй іші жаң-жұн: біреу бұрғылау бригадасының асыра орындалған жоспарын айтады, біреу өндіріске келген жаңа техниканың жайын сөз етеді, енді біреу еңбек акыдан ауыстырып сақтық кассасына жыйған ақшасына сыйлыққа тиген алты мыңын қосып, машина алғанын әңгімелейді, әне бір шүйіркелескен екі әйел жас өспірім балаларын мақтап, кейде ауыздарын сылп еткізе бас шұлғысады, ал, мына бір есік жақ шеттегі ерні көнтіген салпауыз жігіт мас боп қап, қасындағы қарасұр қатынына жарамсақтанып, мағнасыз ыржандай береді...

Сырлас адамдардың ойлары да ұқсас, тілдері де бір. Дәурен қасында отырған бір селдір сақал әлгі машина алған адамның сөзін естігенде өкініп қалды:

— Бөрениеден бекер кеттім.

— Неге? — деді Дәурен.

— Добыштың грапегі орындалмай, премидан қағылып жүрмін.

— Онда қайтып кел, рөлигің мен қанатың әзір.

— Ойбай жібере ме мені, — деп анау сақалын жел ұрған селеудей ұйтқытып-ұйтқытып алады. — Әнеугүні бір сөтке жоқ болғанымда жеке кашалканың құм қапқан пленжірін таба алмай он сағат қашауайтатпай қойды.

Дәурен мұның мақтанықырап отырғанын сезіп, немкеттілеу сөйлеседі.

— Жібер деп сұрап көрсейші.

— Шөрәбіне жібермейді.

Бұл сөздерге Тайман ежіктеп түсінгенмен, өздері мүдірер емес. Тайман күлгенмен, өздері күлер емес.

Дәурен ағайдың өзіне ұқсаған қыйықша қой көзді, дөң мұрын, қалқан құлақ кішкене Қоңырдың да езуі жыйылмайды. Киімі ып-ықшам, тап-таза: үстінде жеңі қысқа ақ көйлек, мойнында қызыл галстук, аяғында кара ботинка, тізесін әрең жасыратын шолақ шалбарының қыры да бар екен. Осы сауықтың өзінікі екеніне масаттанатын сыяқты, үйге сыймайды, жер-көкке тұрмайды: біресе қонақ күтіп, шабан да болса тынымсыз қозғалып жүрген анасына жүгіріп барып, оның толық денесін ешқандай себепсіз құшақтап, өзіне тартады, құлағына әлде не сыбырламақ та ниеті бар, бірақ не айтарын өзі де білмейді. Біресе сыртқа жүгіріп шығып, күнге қолын қалқалап, өзі қатар балаларды іздейді, сірә мақтанбақ ойы бар. Қас қылғанда, күнде қаптап асыр салып жүретін балалар бүгін Қоңыр көзіне түсе қоймады. Содан соң үйге кіріп, әкесі мен ағасының арасына отырып, әр-

кімнің өзі туралы мақтау сөздерін екі езуін екі құлаққа іліп тастап, үнсіз қуана тындады.

— Бұл бала быйыл төртінші класты кілең «беспен» бітірді, — деген Мұналды бір қартандау кісі:

— Өзі де Дәукеңнен аумаған мықты екен, жаман бала болмас сірә, — деп Қоңырға тесірейіп, бас ізей мақұлдады.

Бұл сөздер, әрине, Қоңырдың көңіл хошы үшін әдейі айтылып жатқан. Ал, Қоңыр болса, бұған дән риза еді: жүзі жалындай нарттанып, құлпыра түседі. Іштей аздап өкініші де болды, осы сөздерді өзімен бірге оқыйтын балалар тындар ма еді деп ойлады.

Қоңыр Тайманның мойнына асыла бере, бас жоқ, аяқ жоқ:

— Аға, менің тату достарым бар, — деп қалды.

Бұл Тайманның күтпеген сөзі еді. Тіксінді де ұялды, ақсары жүзі қып-қызыл боп кетті. Мына сауық шынында да бір түрлі еді: баланың туған күні баланың қуанышы үшін емес, тек үлкендердің арақ-шарап ішуіне себеп қана сыяқты екен...

Тайман інісін ертіп, сыртқа шықпақ боп, шапшаң қозғала берді. Қатарында домбыра тартып отырған Дәурен күй сазын үзбестен жалт қарады:

— Қайда кеттің, қанатым?

— Қазір...

Дәурен домбырашы адам болатын. Қазір даусы жіңішкелеу емен домбырасын безілдетіп, Құрманғазының асқақ, әсем күйлерін бірінен соң бірін құйылып, құйқымжыта сермеп отыр. Мұнал мұндайда желпінгіш, алыпқашпа, желғабаз жігіт екен, күйдің ырғақ-нәшіне басын қозғап, қолын ербендетіп, орнынан ұшып-ұшып тұрады. Әсіресе «Сернер» тартылып, Дәуреннің икемді саусақтары сағадан сыңқылдата, үзілте бере «тә-тә-тә», «тә-тә-тәлап», жоғары жылжый ойнағанда Мұнал тағат таппай, бұл сарынға аузымен қосыла, жұрттың сыртын айнала жағалап, Дәуренге жетіп келді:

— Уа-а-һәй, сок, сок! Қыңсыла-а-ат қаншық иттей!..

Жұрт ду күлді. Біреулер ерсі көріп, ұнатпай күлді, біреулер риза боп, рақаттана күлді.

Қоңырды ертіп, ауыз үйге шыға берген Тайман да мырс етті. Ауыз үйде Айжан байсалды жүзі жадыраған, ризалық пішінде, бірақ терлеп-тепшіп, біресе сырттан әкелген етті турал, біресе тұздық әзірленген әбігерленуде екен.

Тайман шешесін тағы аяды: анау бөлмедегілер дуду қызық құшағында, ал мына кісі соларды күтем деп сүрініп-қабынып, азаппен жүр, бұл кісі жұрт қатарлы демалуға, көңіл көтеруге тиісті емес сыяқты...

Тайман Қоңырға:

— Айналайын, сен жолдастарыңды тауып алып, ойнай бер. Соңыра өзім бәріңді жыйып ап, паркке апарам, қызық көрсетем, — деді.

Бала ағасына риза боп, ойнақтап, жүгіре жөнелді.

— Мама, — деді Тайман шешесінің алдындағы ет салған табакқа ұмтылып, әкелші, мынаны мен апарайын...

Айжан жүзін баласына бұрып, оның әлденендей бір шарасыздық ажарын байқап, біраз байыптай қарап тұрды да, ұлпадай жұмсақ лебізбен:

— Үйге бара бер, жарығым, — деді.

Түскі ыстыққа шыдамаған Тайман Мұнай өндіру цехының салқын душына түсіп, кең қақпадан шыға беріп еді, құба жон жақтан құйындатып келген жеңіл газик қарсы алдына тұра қалды. Машинадан түскен Мұнал Тайманды көріп:

— Қарап жүріп ыстықтайсың, ертең жұмыс киімің кигенде қайтіп шыдайсың, — деп қол алысты да, —



мына «Техснабтан» бір балық құйрық әкетуге келіп едім, көтерісіп жіберші,— деді.

— Балық құйрығыңыз не, долото ма?

— Я, Дәурен ағай андағы долотоны өзгертіп, басқа түрін салуға бұйырған.

Мұнал айтқан «Техснабқа» бару үшін, екеуі өндіріс ортасымен біраз жер жаяу жүрді.

Сортаңды сұрғылт жерге күдіретті адам қолы темірден өрнек сала беріпті. Жер беті айқыш-ұйқыш сырғый жылжып жатқан жуан сымдар. Өндіріс ішінде аттасаң кездесетін аласа тас үйлердің әрқайсысынан сол сымдардың жуандығы білектей он-он бесі жосыла шығады да скважина тереңінен мұнай тартқан жүздеген качалканы ыргалтып жатады. Тас үйлердің іші осы өңірдің жүрегіндей дүрсілдеп соғады. Гажап көрінісі: төрт қырлы сом темірлер тұсынан өткеннің бәріне шұлғып, бас иеді. Аяқ астынан темірлер сусып өтеді, үш шақырым тереңді тесіп, қара жерге темірлер сүнгіп барады, алпыс мың тонна суды темірлер төксе, мың тонна майды темірлер қалқып алады...

Тас үйдің бірінен шыққан оператор қыз кенеп костюмінің етегін желге желпіп, шапшаң басып бері жүрді. Таймандардың оң жақ деңгейіндегі жеке качалка көлденең арқалығын сылқ түсіріп, қазір ғана мелшіе қалған. Қыз келді де темірді темірге соқтырғандай тасыр-тұсыр бір қыймыл жасап, качалканы қайта шұлғытты.

— Іскер қыз,— деді Тайман.

— Қызы несі! Қыз емес, темір-құдай ғой бұл,— деп саңқ-саңқ етті Мұнал.

Қыз естіп қалған болса керек, бұларға көзін төңкеріп, сыпайы жымыйып қала берді...

* * *

Тайман мен Мұнал «Техснабтан» алып шыққан «балық құйрықты» қолдаса көтеріп, машинаға әкеп салды.

— Жүр,— деді Мұнал Тайманға,— вышка басына барып қайт, ағай түстікке шығады ғой, бірге келерсің.

Тайман келісті. Екеуі құбажонға тартты.

— Алматыға қашан жүрмексің?

— Ертең.

— Қой, күні ертең бе? — деп, Мұнал қысыла күмілжіп қалды: — Жеңген роддомнан шықпай, үйді де көрсете алмай...

— Түу, сол да сөз бе екен. Оқасы жоқ.

Анада үнсіз, сұлап жым-жырт жатқан құбажонға жан бітірген жалғыз вышка бұларға қарсы жылжып келе жатқандай, жақындай берді. Жол-жөнекей Мұнал түсіндіріп келе жатыр.

— Бұл бұрғыланып жатқан жаңа горизонт. Мұның бүкілодақтық маңызы бар.— Зор ризалықпен, серпіле сөйлесі: — Дәурен ағай қыйырға салмай жүре ме!

Машина вышка түбіне тоқтады. Енді Мұнал сөзін естуге мүмкіндік те жоқ еді.

Вышка түбіндегі кішкене будкада қуатты мотор қалш-қалш етеді. Жер үсті тітірене дірілдейді. Цементтелген бір ойдым шұқырда скважинаны бұрғылауға керекті су бар еді, оның да беті жыбыр қағады.

Вышканың өнбойы сарт-сұрт жылжып жатқан блоктар. Тонна-тонна темірлер, ауыр түтік трубалар блок еркімен, темір арқанға тіркесе ауада қалқыйды. Ротор күнге шағылыса жарқылдап, шыр көбелек айналады...

Осынша күрделі қыймылды істетіп жатқан бір бригададағы жеті-сегіз-ақ адам. Май мен топырақ басқан қаралтым беттерін тер айғыздап, әрқайсысы-ақ көк болат темірлермен қақтығысып жатыр. Өне бір жұмысшы блокпен көтерілген он метр түтік трубаны скважина аузынан бұрып әкетіп барады, жуандығына құшағы жетер емес, сонда да кеудемен тіреп, үйіріп жүр. Мына бір мұнайшы жіптей есіліп, таспадай өрілген болат арқанды ысқырта сусылдатып, роликке оратады. Моторшы жігіт тісін ақсыйта күліп педальды басып қалады да, өзі дизельмен бірге селкілдейді...

Бұл алып та қауырт қыймылға Тайман машина үстінде тұрып, қызыға, сүйсіне ұзақ қарады. Тіпті, өн бойы еңбек күйі кернеп, кенет пайда болған шаттық билеп, қаһармандық істердің ұлы армиясындағы осы бір өжет бөлімшенің жауынгерлік жорығына, жеңісті шабуылына білегін сыбанып барып, өзі де қосылып кеткісі келді.

Бірде вышка бойынан әкесін іздеп, сонау ашық күнгі ақ шарпы бұлт астындағы бұрғышы орнына қарады: әкесі сонда тұр. Жердегі қыймылдың бәрі түгел соның әмірімен істеліп жатқанын Тайман енді аңғарды.

Шұғыл қарбалас үстіндегі адамдар үнсіз істейді. Бәрінің де көз қыйығы жоғарыда, Дәуренде жүреді. Дәуреннің де бар бұйрығы биіктен сөзбен емес, ыммен келеді.

Дәурен қолы көп істің кілті екен, қайда нұсқалса, сол арада, дәл сол сәтте бір құбылыс болып өтеді. Бәрі соған бағынған. Ашулы асау моторға дейін Дәуренге табынып, оның қолы жоғары көтерілсе, жон үстің жыңылата сілкініп, зіркілдей жөнеледі де, төмен түсірілсе, маңын тылсымдай тындырып, сөне қалады.

Тайман әкесіне өзінің сүйікті әкесіне қызғанышпен қадалып, көзін ұшқындата тікті. Ол іс үстінде мүлде өзгеріп кетеді екен: үйде мамықтай жұмсақ мейірімін ғана ұсынатын нәзік жанды әкенің қайраты да, айбаты да осында шығады екен. Бар назары іске — өзінің бір туған егізіндей қыймас асылына ауған Дәурен басқа дүниенің бәрін ұмытқандай.

Рас солай ма!?

— Көке! — деді Тайман, бойын жалындатқан соншалық бір ғажап мақтанышпен айғайлап, — көке-е-е!

Дәурен жалт қарады. Баласының даусын естіді ме, әлде өздігінен көзі түскені ме, әйтеуір жалт қарады. Жалт қарады да жайнап бір күлді. Күлгенде, әрине, баласын бір айналып алды ғой!

— Ой, әке!.. Сүйікті әке!.. Не деген биіксің, не деген ыстықсың сен!..

Тайман жерде тұрды. Әке шықса басында, күн астында тұрды. Ал бірақ, Тайманға анау күн шуғыласынан гөрі өзіне қараған әке жанары отты да қызулырақ сезілді...

* * *

Поезд жүруге жарты сағат қана уақыт қалды. Айжанның екі көзі қала жақта: кішкене Қоңыр қайта-қайта бұлтындап, вокзалға келген машина атаулының бәріне жүгіріп барып, қарап келіп жүр.

Тайманның да шыдамы таусыла бастады:

— Көкемнің мұнша кешіккені несі?..

Айжан апайдың баласына қарағандағы паң кескінінен де, ақырын дірілмен шыққан майда үнінен де зілсіз реніш байқалады.

— Білгі осы ғой істейтіні!..

Рас. Ренжитін де орны бар.

— Қанатым, бір-ақ сағатта келемін. Долото тұзға тіреліп жатыр, корент қарайын да келейін, — деп кеткені бағана күндізгі төртте болатын. Бұлар үйде де екі сағат күтті. Екі рет телефон да соқты.

— Қазір, шапшаң жетемін, — деген ол.

Міне, күн көк жиекке еңкейді. Жолаушылар вагондарға орналасып та алды. Тайман да чемоданын купеге қойып кеп, әкесін күтіп жүр. Әлі күтіп жүр.

Айжан апай шындап қапаланды. Екі иығын жиі қозғап, деміге сөйлеп тұр:

— Жұмыс — жұмыс қой. Жұмысқа құштарлығы жақсы. Бірақ семьясын ұмытуға бола ма екен. Алыс сапарға аттанып бара жатқан баласы бар... Оны да ұмытайын демейді-ау... Ал, енді.. Қойшы, түсінбеймін...

Вокзал алдындағы үлкен қонырау қаңғыр-күңгір етіп, екі рет соғылды. Жолаушылар вагондарға жүгірісті.

Айжан Тайманның маңдайынан, бетінен қайта-қайта сүйді. Кеудесіне ұмтылып, Қоңыр жабысып жатыр.

Теміржолшылар формасындағы поезд начальнигі, қолында жалпақ белдеу, паровоз жаққа кеткен. Сол тұстан ысқырық естілді. Тайман ана құшағынан жұлынып шығып, тамборға секіріп мініп алды. Талапшыл проводник:

— Ішке кіріңіз! — деп суық тіл қатты.

Поезд баяу жылжый берді. Дәл осы кезде ғана Дәурен ағайды:

— Құлыным, Тайманым, сау бол! — деген таныс даусы естілді.

Тайманның денесі шымыр етті. Жүрегі сәл түйлігіп, шаншып кеткендей болды. Ілгері ұмтыла бере проводникпен қатарласып, есіктен басын шығара сыртқа көз тастады.

Жаңа ғана тоқтаған жеңіл машинадан түсе жүгірген Дәурен аяғын әр жерден бір басып, вагонды жанамалай емпендеп келеді екен. Сәл қызғылт тартқан қой көзінде жас: мейірбан жүзінде бір өкініш, бір ықлас... әрі-сәрі бір жымыю, еріксіз жымыю бар. Соңында құлындай ойнап, кішкене Қоңыр шауып келеді.

Дәурен баласын көрген бойда ай-пайға қараған жоқ, төменгі баспалдаққа ырғып мініп алып:

— Бетінді әкел, құлыным, қош бол, қош! — деп кеудесімен ілгері кимелей ұсынып және сөйлеп жатыр: — Уақып бол! Денсаулығыңды күт. Байқаусызда трамвайға түсіп қалып жүрме!..

— Көке, түс!.. — деді Тайман еңкейе аптығып.

Дәурен баласының бетінен қайта-қайта құшырлана сүйді де, кейін шалқая бере қолындағы тұтқаны жіберіп қалып, проводникке:

— Кешіріңіз! — деген өтінішін бір сәтке ауада ілініп тұрып айтты, секіріп түскен бетінде жол табанындағы биік топырақтан аз домалап барып, сырғанап құлап кетті. Басындағы кепкасы да ұшып кеткен, онымен ісі жоқ, ұшып тұра келе апалақтап, көзін баласы тұрған есікке тіге, қоштасқандай, екі қолын бірдей ербесдете бере тағы сүрініп құлады.

Поезд қаттырақ зырғып кеткен, Дәурен көзден таса болды. Бірақ, Тайманның күлкі ойнаған көз алдының, жол бойының бәрі өз әкесін, оның дәл жаңағы қыймас қалпын елестетті. Бетінің әр жері қызқыз қайнағандай болады, әке ернінің суымас ыстық табын алыс сапарына өзімен бірге әкетіп бара жатыр еді...

С. МАРШАК.

Әрбір елдің гербімен таныссаң,
Нақышталған алуан бітім салынып,
Айға атыла шапшыған тік арыстан,
Я барыс, екі басты самұрық.

Ескіліктің дәстүрі бұл, — тұрағын
Мемлекеттік гербілерден тауыпты.
Ақсыйған бір азулары сұм аңның
Көрші елдерге төндіреді жауіпті.

Жыртқыш аң мен жыртқыш құс бір қайдағы
Көгер көзге зәрені ала сұстана,
Тұяғымен шеңгелдеп ап, айбарлы,
Адам сынды найза, семсер ұстаған.

БІЗДІҢ ГЕРБ

Я бүркіт, не өлекшің, арыстан
Емес біздің гербіміздің бетінде, —
Алып балға, өткір орақ табысқан,
Алтын дәннің сабағы тұр шетінде.

Басқа жұртқа көрсетпейміз біз айбын,
Қорғаймыз біз бірақ байтақ мекенді.
Ашық аспан аясында кең айдын.
Бақытқа ел еңбегімен жетеді

Бұзылмайды халықтардың одағы,
Тапталпаймыз ешқашан да жауға біз.
Бөлінбейді еңбек балға, орағы,
Бөлінбейді жер ана мен дән, жұлдыз!

Аударған Т. ИСМАИЛОВ.

ЕРЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

АЛЕКСЕЙ МАРЕСЬЕВ

Совет Одағының батыры

Мен кейде балалардан хат аламын. Ол хаттар маған өте ұнайды. Балалар онда шын көңілдегісін ашық жазады. Хаттар кейде күлкілі, көбінесе, мәні бар нәрселер туралы жазылады. Сол хаттарда көтерілетін кейбір мәселелер мені көптен бері ойландырып жүр еді.

Маған таяуда екі баладан хат келді. Бұл хаттар мені қатты ойландырды. Мұндай жайлар бұрын да жиі-жиі болып тұратын. Мен сендерге сол хаттарды оқу үстінде тұрған кейбір ойларымды айтпақпын.

Маған хат жазған балалардың атын мен атамай-ақ қояйын. Өйткені олар хатты «Пионер» журналының оқушыларына емес, маған жолдаған. Ал, хаттың өзі туралы айтсам. Ол үшін балалар маған өкпелемес деймін.

Маған хат жазған екі бала бір-бірімен таныс емес, олар еліміздің әр бұрышында тұрады. Бірақ бірін бірі көрмеген екі баланың бір мәселе туралы қатты ойланып, бір қорытындыға келуі кездейсоқ емес сияқты. Мектепте оқып жүрген кезде мен де өзімді нағыз жігерлілікке, қайраттылыққа қалай тәрбиелеу, айнымас мінез-құлықты қалай қалыптастыру, қалайша ержүрек, қорықпайтын батыр болу керектігі жөнінде жиі ойлайтынмын.

Дене құрылысы жағынан мықты, күшті болу ешқандай қиын емес тәрізді. Дененді шынықтыр, үйрен, бұлшық еттерінді жаттықтыр! Бұған күдік келтіретін адамдарға бір баланың елге мәлім тарихын еске түсірсек болғаны. Бала нәзік, әлжуаз еді. Ол үнемі өз денесін шынықтырумен шұғылданды. Соның нәтижесінде оның денесі темірдей берік, мықты, шыдамды болып өсті. Бала өсті де, оның данқы жер жүзіне жайылды. Ол Александр Суворов еді.

Жоқ, денені шынықтырумен жұмыс бітпейді. Енді мінез-құлықты қалай тәрбиелеу керек? Оны шынықтыратын жаттығулар қайда? Ондай жаттығулар бар ма өзі? Адамның көз алдында шынығып, өсіп жататын бицепс емес қой ол. Сенің еркің нығайып, мінез-құлқың қалыптасып келе ме, оны қалай байқап отырарсың.



А. Маресьев.

Ал, маған хат жазған балалар бұлшық еттерді күнделікті жаттығулар арқылы шынықтыратын болсақ, берік ерік пен күшті мінез-құлықты да жаттығу арқылы қалыптастыруға болады деп шешкен сияқты. Олар осылай ойлаған да, іске кіріскен. Рас, әркім өз бетімен... Дегенмен өздерің оқып көріңдерші, олардың не жазғанын.

«Қымбатты Алексей Петрович,— деп жазады ер бала,— мен әзірге еркімнің әлсіз екенін, мінезімнің тұрақсыздығын өте жақсы білемін. Папам менде тіпті шыдам, байсалдылық жоқ дейді. Бірақ мен адам егер істеймін десе, өзіне керекті сапаларды қалыптастыра алады ғой деп ойлаймын. Менің ержүрек, батыл болғым келеді, ешбір қиыншылықтан қорықпасам екен деймін. Менің жолдасымның да (мен онымен бір класта оқыймын) ойы осы. Біз не істесек те бірігіп істемек болдық. Бірімізді біріміз сынамақ болып келістік.

Біз өзімізді сынаған бір іс туралы жазайын. Мен есіктің саңылауына қолымды саламын да, менің жолдасым ақырындап есікті жаба бастайды. Менің қолым ауыра түседі. Бірақ мен шыдаймын. Мен қанша шыдасам, менің мінез-құлқым сонша шыныға түседі. Одан кейін есіктің арасына жолдасым қолын салады. Мен оны қыса бастаймын...

Біз екеуміз мінез-құлқымызды осылай тәрбиелеп, мықты, ержүрек, қиыншылық-

тан қорықпайтын болып өсеміз ғой деп ойлаймыз».

Міне, бір хат осы. Ал, екіншісі мынау: «Алексей Петрович,— деп жазады бір қыз бала,— мен сіз туралы кітаптан оқыдым, сіздің табанды, шыдамдылығыңыз маған өте ұнады. Менің өмірімде әзірше үлкен өзгерістер жоқ. Мектепте де ешқандай қиындықтар кездеспейді. Үйде де сондай. Сонан соң өзімді өзім байқамақ болдым. Әрине, мен бұл туралы ешкімге айтқам жоқ. Өйткені айтып қойсаң, бәрі бір ештеме шықпайды. Мен бірнеше күн бойы тамақ ішпеуге бекідім. Қарным ашса да ештеме ішкенім жоқ. Ақыры мамам біліп қалып, маған сүт ішкізді. Дегенмен мен бір күн бойы ештеме жемедім.»

Балалардың бұл ойларын менің құп алатынымды айтуым керек. Мінез-құлық жағынан берік болып өсуге талаптанудың өзі мақұлдауға тұратын іс. Күшті, ержүрек адам қандай іс болса да атқара алады. Отанымызға да мықты, шын берілген, қиыншылықтан қорқып, бой тасаламайтын адамдар керек. Алайда, әңгіме ерлік пен табандылықты әлгі екі бала сыяқты тәрбиелеу керек пе, жоқ па, сонда. Егер олай болмаса, неге олай емес? Ең бастысы — олай болмаса, енді қалай?

Былай қарағанда әлгі баланың екеуі де дұрыс істеген сыяқты. Олар өздерін кішкентайынан бастап қиыншылық пен хауіпті жағдайда төзімді болуға үйретпек, әртүрлі сыннан өтіп шыдамдылық пен ерлікке төселмек. Мұның қатесі неде?

Өмірімде ешқандай қиыншылықтар мен кедергілер жоқ деп отырған қыз бала күдіксіз шынын жазып отыр. Ол бала туралы мен өзінің жазғанынан өзге ешнәрсе білмесем де, оның оқулықтар алу үшін газет сатып ақша тауып жүрген бір француз баласы сыяқты болмайтынына шүбәм жоқ. Ол баламен мен Парижде танысып едім.

Мүмкін өзін өзі сынап, есіктің арасына қолын қысып жүрген бала таңертең мектепке ешбір уайымсыз баратын болар. Ол оқу ақысын төлемегенім үшін мектептен шығарып тастай ма деп хауіпсінбейді де. Ал, мұндай жағдайлар капиталистік елдердегі жұмыссыз адамдардың балалары басында жиі кездеседі.

Мүмкін, ол балалардың өздерін өздері сыннан өткізіп байқаулары дұрыс шығар, өйткені олар өз балаларын ерекше қамқорлыққа алған совет елінде туу бакытына ие болды ғой.

Осылар туралы ойлай келіп, мен таяуда Москваның бір мектебіне барғанымды есіме алдым. Мен онда мұғалімдер мен пионерлердің шақыруы бойынша барып едім.

Мектепке бара жатқан жолда мен онда таяуда ғана бір төтенше уақиғаның — төбелестің болғанын білдім. Ал, төбелес — сұмдық төбелес. Егер күшті адам әлсізді ұрса, немесе бірнеше адам бір адамға жабылса, бұдан жаман не бар дейсіз. Бұл мектепте үш бала жабылып, төртінші бір баланы ұрған. Ол бала кластың старостасы екен де, үзіліс кезінде әлгі балалардың бірін класқа кіргізбепті... Бұл нағыз мені шақырған отрядтың өзінде болған төбелес екен.

Мені сондай құрметпен қарсы алды. Ер балалар далаға жүгіріп шығып, адасып кетпей ме дегендей, маған қарап тұрды. Қыздар гүл шоқтарын дайындады. Мұғалімдер де аса байыпты және құрметшіл.

Мұғалімдер мен балалардың менен әртүрлі нәрсе күткенін мен бірден-ақ байқадым. Мұғалімдер менің, таяуға өткен әлгі уақиға жөнінде айтып класты ұялтқанымды дұрыс көрді. Ал, балалар мен соғыс туралы, әуеде болған ұрыс жайлы, атакты ұшқыштар туралы әңгімелейді деп сенді. Мұндай әңгімелерді, әдетте, балалар да сүйіп тыңдайтын, шынымды айтайын, мен де кейде ол кездегі істерді еске алғанды жақсы көремін.

Бірақ, төбелес жайын естігенде мен бір түрлі көңілсізденіп қалдым. Өзіме өзім не істей алайын. Ақыл айту — тіпті қолымнан келетін емес. Соғыс туралы, жақын жолдас-тарым туралы айтқым келмеді.

Олар менің алдыма түк көрмегендей, мопмақан отырды, мойындарына жақсылап байлаған галстуктері бар. Ал, мен оларға ызамен қараймын да, сендерді төбелесіп жатқан кезде көрер ме еді деп ойлаймын. Әрине, мен олардың бәрі емес, үшеуі ғана кінәлі екенін түсінем.

Бұдан өзге мынандай бір ой келді. Неге сол үшеуі кінәлі? Қалғандары ше? Бұл үшеуі сол көптің ішінде өсті ғой, олар бірінің ісі үшін бірі жауап беруге тиісті емес пе?

Жетінші класта оқыйтын барлық балалардың ішінен үш баланың бір адамға жабылып жатқанын көріп айыруға тырысқан бір-ақ бала табылыпты. Ол — пионерка Сазонова деген қыз. Мүмкін, ол сол кластағы балалардың ең мықтысы шығар? Қыз менің алдымда отырды, мен оған қарап алдым. Кәдімгідей, орта бойлы ғана қыз бала. Оған

да, басқа балалар сыяқты, төбелеске қатысып, бір жерін жаралап, көгертіп алу хауіп туған. Бірақ ол бұл жайды ойламаған, үш баланың бір балаға жабылып жатқанын көріп арашалауға жүгірген. Сазоноваға қарау сондай сүйкімді, мен барған кезде ол өз ісіне ерекше мән бермей, жолдастарымен сыбырласып, әңгімелесіп отырды.

Тіпті Сазонованың сүйікті қылығы да мені көңілдендіре алмады. Аз ғана әңгімелестік те, біз бірімізге біріміздің көңіліміз толмай тарастық.

Мені шақырған жетінші кластықтар да кейде қандай болу керектігін ойлайтын шығар. Мүмкін олардың бірі маған хат жазған балалар тәрізді «әкелші, мен бір сыннан өте қояйын, ғажайып бір нәрсе ойлап таба салайын — өмірдің өзі біркелкі өзгеріссіз өтіп барады ғой» деп бекінер. Бірақ өмір оларсыз-ақ ойлайтынын ойлап қойған, ол сен кездескен жағдайды алдыңа тартады да, «Ал, таңдап ал, мүмкін бұған кіріспей шет қаларсың, мүмкін араласарсың. Ерлік көрсетем десең де, әлсіздігінді байқатам десең де өз еркінде — таңда» дейді.

Өмір біздің қайсымызды болсын қадам басқан сайын сыннан өткізіп, тексеріп отырса, біздің сын ойлап табуымыз неге тұрады?

Төбелеске араласып, әлсіз адамды қорғау деген не? Менімше, бұл — ерлік көрсету. Жыйналыста көптің алдында «Мен өте жаман істедім» деп мойындау — менімше, бұл да ерлік. Қыйын сабақта отырып, қатты шаршағаныңа, өзіңе өзіннің ыза болғаныңа қарамастан, қашан дегеніңе жетпей орнынан тұрмау — еркіннің күштілігін көрсету емей, бұл не? Бұл айтылғандардың әлсіз әсер етуі, тіпті батырлық болып көрінбеуі де мүмкін. Бірақ, менің ойлауымша, адамның мінез-құлқын тәрбиелеу осындайdan басталады.

Кейде менен: айтыңызшы, аяғыңыз қатып қалғанда қалай еңбектедіңіз, самолеттің руліне қайта отыруға сіздің табандылығыңыз қалай жетті деп сұрайды. Оның орнына менің басқа жауап бергім келеді. Суффикстер туралы айтсам қайтеді сендерге? Я, я, суффикстер туралы! Мен соларды үйренемін деп талай басымды қатырғанмын. Соғыстан кейін академияда оқый бастаған кезде мен мектепте өткендерімнің бәрін ұмытып қалғанымды байқадым. Әсіресе, грамматиканы нашар білетін едім. Мен оны қайта үйренгенше аз уақыт кеткен жоқ.


Әрине, оқулықты оқу мен самолетте соғысу — әртүрлі жұмыс. Бірақ екінші жағынан байқасаң, біріне бірі ұқсамайтын осы екі істі де жақсы атқару үшін адамға ұқсас бір сапалар керек.

Өмір сені аттаған сайын сыннан өткізеді. Ананы таңдамай, мынаны таңдағаның үшін саған ұрсатын да, мақтайтын да бөтен ешкім емес, өзің боласың, сабақтан төрт алып кайтсаң, «Ештеме етпейді, — дейді әкен, — жарайсың. Қыйын сабақ қой». Ал, ол сабақтан бес алуға болатынын сенің аржағың сезіп тұрады. Басқа балалармен бірге колхоз бағындағы арам шөпті отауға бармай қалдың. «Не істерсің, — дейді шешен, — балам ауырып қалды». Ал, басың аздап ауырғанмен, қазір жазылып кеткенін, барып жұмыс істеп қайтуға болатынын сенің өзің жақсы білесің ғой. Шефке алған колхозға послыка жіберу үшін кітап жыйнайды. «Мен берер едім, — дейсің сен, — мамам ұрса ма деп қорқамын». «Шешен ұрысса, — дейді балалар аяп, — онда керегі жоқ». Ал, маманды оңай көндіруге болатынын және ол кітаптардың мамаңа емес, өзің үш қажет екенін сенен басқа ешкім білмейді.

Я, өмір былай қарағанда оңай, жеңіл өтіп жатқан қыйындықсыз өмір адамды сыннан жиі өткізеді. Мұны да өзіңнен басқа ешкім байқай қоймайды. Кімде-кім ешкімнен алғыс күтпей, мақтан құмай, қыйын және игілікті істі өзі қалап істесе, атақ пен данқ соныкі!

Әңгіменің соңында мен алған хаттардағы бір-екі сөзге тоқтағым келеді. «Біз тамаша қасиеттерді бойымызға сіңіріп, ержүрек, қыйыншылықтан қорықпайтын болып өсеміз» — деп жазады ер бала. «Ер жеткен кезде батыр, алғыр болып өсемін. Оған жетпей тынбаймын», — деп жазады қыз бала. Бұлардың екеуі де келешек туралы айтады. Өскенде қандай болу керектігін ойлағанда осындай сөзді балалар жиі айтады. Ал, менің бүгінгі күн туралы айтқым келеді.

Бүгін, қазір батыл, шыншыл болу керек. Бүгінгі, қазіргі қыйыншылықтардан қорықпау керек. Бүгін әлсіздерді қорғап, шындық жоғында болу қажет. Табандылық пен тұрақтылықты бүгін көрсету керек. Мұндай пайдалы қасиеттерді кейінге қалдырмай, қазір алғыр, берік, мінезді болуға тырысындар, қымбатты балалар. Менің сондай балаларды көргім келеді.



ЖАС НАТУРАЛИСТЕР

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің кіреберісінен сол жаққа қарай, жайқалған көк майсаның ортасынан, шыны күмбезі күнге шағылысқан «Жас натуралистер» павильоны көзге түседі.

Жолаушы бұл тамаша сарайдың жарық, кең залдарын көруге ынтыға келе жатқанда, оның назарын өзіне алуан өсімдік жайнаған үлгі участогі аударарды. Павильонның қасына орналасқан оның әр мүйісі бір шежіре. Мынау жайқалып тұрған роза гүлі, онымен қатарласа баданадай жүзім мәуелейді, оларға жалғаса қып-қызыл боп жидектер мөлдірейді. Алма, алмұрттар да торсыйып мені көрдің бе дегендей алыстан шақырады. Оңтүстіктен келген меймандар бұл бақта тұрған шие, черешня, қараөрік ағаштарын өзгелерден бұрын таныйды. Овощь участогі, көп жылдық өсімдіктер участогі, дала өсімдігі, парник, қойшы әйтеуір, бірінен соң екіншісі көңілінді сүйсіндіре жетелей түседі. Осы участоктың өзін аралап шығу үшін талай уақыт кетеді.

Ұлан-байтақ еліміздің мындаған мектеп жанындағы тәжірибе участоктарында, пионерлер үйлерінде, жас натуралистер станцияларында өсірілетін өсімдіктердің бәрі осы участокке үлгі ретінде қойылған. Бұлардың арасынан Қазақстанның жас мичуриншілері өсірген өсімдіктер де аз кездеспейді.

Келуші ақ дарбазадан өтіп үлкен тоғыспа залға кіреді. Шынында павильонды карау, міне, осы залдан басталады. Кірісімен-ақ жолаушының көзіне мұнда бірден жылы ұшырайтын панно бар. Ол — В. И. Лениннің 1920 жылы 2 октябрьде Коммунистік Жастар Одағының III съезінде сөйлеп тұрған суреті. Данышпан Лениннің жылы жүзінен көзін айыра алмай тұрған көп адамдар. Залдың осы суретке қарсы қабырғасына И. В. Сталиннің жетпіс жасқа толғанында пионерлер мен мектеп оқушыларымен кездесуін бейнелейтін үлкен панно қойылған. Бұл залға орналасқан көп суреттер, картиналар, фото суреттер, паннолар Коммунист партиясы мен Совет мемлекетінің балаларға деген қамқорлығын айқын бейнелейді. Мұнан жас буынды тәрбиелеуге, оқытуға, денсаулығын шынықтыра беруге, жақсы дем алдыруға ешнәрсе теткілмейтіні көрінеді. Залдан көрген мына цифрларды келушілер жадында сақтап қалады. ССРО да 1912 пионерлер сарайы мен үйі, 430 жас натуралистер мен жас техниктер станциясы, 101 балалар қуыршақ театры мен жас өспірімдер театры, 124 балалар паркі мен стадионы, 26 балалар темір жолы бар. Бұл нендей дәулет, бұл нендей игілік десеңші! Осылардың бәрі балалардың қызықтауына, тұтынуына, пайдалануына берілген.

Олардың ең жақсыларын жолаушы осы павильоннан көре алады. Балғын, әсем колонналармен безендірілген орталық залдан ол, Совет Одағындағы ең үлгілі пионер Сарайлары — Харьков, Тбилиси пионер сарайларының табыстары мен РСФСР Оқу Министрлігінің жас натуралистерінің орталық станциясының, Украина жас натуралистерінің станцияларының жұмыстарымен танысады. Қелушілер мұнда арнаулы аспапта өсірілген бір түп дәу жүгеріні көреді. Оны өсірген Ленинград облысының жас натуралистері. Москваның жас мичуриншілері өсірген хош иісті алма да осы жерге қойылыпты. Бұл залға қойылғандардың бәрін айтып шығу мүмкін емес, тым көп.

Бұдан әрі жас техниктер залы. Бұл залды аралау Ленинград облысындағы Староладага балалар үйінің жас техник үйірмелерінің жұмысы қойылған стендті көруден басталады. Мұнда көптеген экспонаттар — балалардың шебер қолдарынан шыққан тракторлардың, дән сепкіштердің және өзге де ауыл шаруашылық машиналарының модельдері тұр. Стендтің бірінде Армян ССР Ереванның № 17 орта мектебіндегі жас техниктер үйірмесінің жұмысы көрсетілген. Мұнда да шебер жасалған көп нәрселер бар.

Залдан Алматы облысындағы Қаскелең балалар үйінің жас техниктері үйірмесінің жұмысы үлкен орын алған. Оған дербес бір стенд берілген. Бұл балалар үйінде тәрбиеленушілер В. П. Дробышевтің басқаруымен өзінің радиоторабын салған, әр жатақхананы, онан кейін бүкіл колхозды радиоландырған.

Қаскелең жас техниктері қызу жұмыс істеп жүрген кездерінің суреттері үлкен-үлкен етіп түсіріліп көрнекті жерлерге қойылған. Оның өжет мүшелері егін даласындағы он қосты, екі мал фермасын, колхозшылардың елу бес үйін радиоландырыпты. Мұнда кішкентай электр станция бар. Жас техниктер осы станциямен талай рет егін даласындағы қостарға барып орталық радио хабар программасын бірлесіп тыңдауды ұйымдастырған. Туысқан Қазақстанның талапты, еңбек сүйгіш балаларының өкілдері — Қаскелең балалар үйінде тәрбиеленушілердің игі өнері көрсетілген стендті көрушілер сүйсінген дидармен тарасады.

Көрікті экспонаттарды қызыға қарап жүргендерді қыйқулаған құс думаны шақырады. Олар адамзаттың қанатты досы, ауыл шаруашылығына зиянды жәндіктерді қырушы құс-

тарды ықласпен көзінен өткереді. Су толтырылған шыныда кішкене балықтар емін-еркін жарыса жүзеді. Әрине, балалардың көзі бұлардың ішінен алтын балықты тез шалады, өйткені оның жалтылдаған сап-сары қабығы анадайдан-ақ көрінеді. Жас саяқатшылар бұл жерден құсты қалай жемдеуді, балықты әйнек ішінде қалайша өсіруді біліп көптеген кеңестер алады.

Жанды табиғат мүйісі жас малшылар еңбегі көрсетілген залдың оң жақ бөлегіне орналасқан. Оның өзге жағының бәрі төл күту, үй қояндарын, құстарды, жібек құрттарын және өзге де шаруаларды өсіру істерін көрсетуге арналған. Жүгері және де басқа мал азығы дақылдарын өсіру жөніндегі табыстар осы араға қойылған. Бұл залдан жастардың төлге деген қамқорлығы жылдан-жылға артып келе жатқаны, олардың үй қоянын, құс өсіру істерімен қызыға шұғылданатыны, жануарларды зейінмен зерттейтіні айқын көрінеді.

Өсімдіктер залы. Оның ең көрнекті жері Ақмола облысы Атбасар орта мектебі оқушыларының ісіне арналған. Стендтің нақ ортасында аударып тастаған тыңның қалың қыртысы көрінеді. Бұл фото-суреттің астына: «Мектеп оқушылары тың көтеру жұмысына қолқабысын жақсы тигізеді» деп жазылған. Осы жерде Атбасар ауданының картасы тұр. Ол картада тың және тыңайған жерлерді игеруіне оқушылар қолқабысын тигізген колхоздар мен совхоздар көрсетілген. Ол картаға жапсырылған фото-суреттер мен олардың тұсына жазылған түсінік сөздер озат мектептердің көмегін баяндайды.

Стендте әрдайым ығы-жығы халық. Міне, оған келіп Балтық жағалауының саяқатшылары тоқтады. Олар мойнына кілең қызыл галстук таққандар. Бұл Ригадағы мектептердің бірінің оқушылары. Оларды бастап келе жатқан кесек денелі, күреңіте тотыққан әйел — Нина Николаевна Юшкова. Стендтке жуықтасымен-ақ пионерлер оны қоршап алып, бірде-бір сөзін жаңсақ есітпеу үшін, иіріле түсті. Нина Николаевна қызықтыра, ұйыта сөйлейді. Оның себебі, Нина Николаевнаның шұрайлы, ендәулетті өлке — Қазақстанда болғаны бар. Оның жерін, қыйсапсыз табиғи байлығын, шұрайлы, қыртысты мол жерін, мыңғырған малын, алуан-алуан егінін көзімен көрген, жақсы біледі. Ол кісінің аузынан шыққан сөзімен ілесе, қолындағы көрсеткіш таяқтың ұшы да нүктеден нүктеге орғыйды.

— Мына суретке қарандар, — дейді ол кісі, — бұл Атбасар мектебінің оқушылары. Жазғы каникул кезінде бұлар егінге жарамды жерді сұрыптап алушы және жаңадан ұйымдасатын совхоздарға ауыз су іздеуші экспедициялардың жұмысына қатысты. Жетекшінің әңгімесінен балалар жаңадан ұйымдасқан Киев совхозына мектептің 760 кітап жыйнап бергенін, совхоздың жаңа поселкесін көгерту үшін оқушылардың жас ағаштар отырғызып бергенін білді. Атбасар шәкірттері өнегелі еңбектену арқасында Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне 1955 жылы қатысушы болып құрметті правоға ие болды.

Жамбыл облысының Мерке ауданындағы қант заводы орта мектебінің жас натуралистер үйірмесінің қолы жеткен табыстары да осы залда көрсетілген, атбасарлықтар тәрізді, бұл үйірме де көрмеге алғаш рет қатысады. Меркенің жас натуралистерін көрсетуші стендпен танысқанда, келушілердің көз алдынан талай-талай қызық істер өтеді. Олар стендтен үйірменің өрен бастамашылары Толя Карабельскийдің, Леня Колесниковтың және басқаларының суреттерін көреді. Үйірмеде шұғылданушылар саны — 156 адам. Үйірменің суармалы қант қызылшасы мөлтегінен алған өнімі гектарға балағанда 1100 центнерден айналды да, қызылшаның қанттылығы 21 процент болды.

Мұнда балалардың осыншалық зор табысқа жеткені баяндалған. Жас мичуриншілер ұрықты яровизациялап сепкеннен кейінгі уа-


қытта төрт мәртебе суарған, қоректендіруде тыс жапыраққа нәр сепкен. Осындай шаруашылықтың арқасында олардың еңбегі жанған. Сөйтіп бұлар өсірген қызылшаның даңқы көрме залынан шығып, әлде қайда шартарапқа жайылған.

Жас натуралистер павильонын көру ыстық үйекте өсетін өсімдіктермен аяқталады. Мұнда әйнек ішінен еліміздің жер-жерінде жас мичуриншілер мәпелеп өсірген алуан түрлі өсімдіктер дүниесін көріп сүйсінесін. Әлбетте, бұл өсімдіктер дүниесінің нақ ортасынан оңтүстіктің, Кавказдың көкіректі ашатын лимоны мен апельсині орын алған.

Павильонмен танысу осымен аяқталады, бірақ келгендер гүл-гүл жайнаған бұл мүйісті — жас натуралистер павильонын қыйып кеткісі келмей дал боп біраз тұрады. Кетуге амалсыз бет бұрғанда, олардың әрқайсысы мұндағы кітапқа бір жылы сөз жазып қалдыруға тырысады. Көрме ашылғалы бірнеше ай болғанымен, бұл қалың, үлкен кітаптың ішінде жазылмаған беттер шамалы қалған. Мұның ішіндегі жазулар нешеме тілде — көп ұлтты Совет Одағының барлық халқы өз тілдерінде жаза берген. Оның ішінде қазақша да жазулар бар. Сол жазулардың бәрінен талапкер, еңбек сүйгіш жас буындарды аталық қамқорлықпен тәрбиелеп келе жатқаны үшін Коммунист партиясына, Совет үкіметіне сансыз алғыстар айтылып жатқанын жүрегінмен сезінесін.

ГЕОРГИЙ ИОДКО.

Москва



Алматыда қорабль модельдерінің республикалық жарысы өтті. Жарысқа 50 адам қатысты. Су бетіндегі балалардың өздері жасаған крейсерлерді, буксирлерді, желкен қайықтарды, реактив қорабльдерін және басқаларды жұрт қызыға қарасты.

Суретте: 56 мектептің 8-класс оқушысы Валерий Некрасов баржа тіркеген буксир қатерін суға жіберіп тұр. Оның моделі жарыста бірінші орын алды.

Суретті түсірген П. РЕДЬКО



Тимирязев атындағы совхоз орталығының салынып жатқан кезі. (Павлодар облысы).

Бұл бұрын картада болмаған...

М. ӘЛІМБАЕВ.

«СУСЫЗ» АУДАН

Москвада совхоздар министрлігінен қызметке белгіленгенде Виктор Петрович Романовқа ондағы жолдастар:

— Баратын жеріңіз мынау, — деп Павлодар облысындағы Галкин ауданының картасын ұсынған болатын. Сонда болашақ Қарабидай совхозы орналасатын орынға жақын Безводное селосына көзі түскенде, ішінен секем алып та қалды:

— Өзгені қойғанда суы жоқ болса, онда мен не өндірмекпін. Құлазыған дала, суы жоқ аудан болар бір...

Москвадан Шарбақты станциясына жеткенше Виктор Петрович өзіне партия мен үкімет сеніп берген үлкен жұмыстың — жапан далада жаңа совхоз орнатудың қамын ұдайы ойлаумен келді. Неден бастау керек? Оның ойы вагонмен бірге тербетілді. Жалпы бұл ойшыл адам болатын. Ол өткен өміріне де көз жіберді.

Ол бұдан 52 жыл бұрын Омбы облысында шаруа семьясында туды. Өзі туған Называевка деревнясындағылар ертеден егіншілікпен шұғылданушы еді. Он жылдық мектепті бітірген Виктор Омбыдағы ауылшаруашылық институтына оқуға түсіп, оны 1927 жылы үздік бітіріп шықты.

Содан бері санаса 28 жыл бойы агрономдық қызметте келеді. Оның алақанының ыстық ле-

бін Омбы облысының да, батыстағы Львов облысының да топырағы талай бойына сіңірді.

Рас, арада төрт жыл гитлершіл басқыншыларға қарсы күресте өтті. 1942 жылы Сталинград түбінде ол Коммунистік партия қатарына кірді. Майданға эскадрон командирі, дивизия штабы бастығының жәрдемшісі болып қатысты. Отан адал ұлының ерлік ісін жоғары бағалады. Подполковник Романов армиядан қайтқанда, оның төсінде екі Қызыл ту ордені, I және II дәрежелі Отан соғысы ордендері, Богдан Хмельницкий ордені, үш медаль бар еді.

Майдан даласында жүргенде, қолына пистолеттің оғын ұстап отырып, жолдастарына ойын да болса ойындағысын айтушы еді.

— Мына алақан оқ уыстаудан гөрі, ақ бидайды уыстауға жаралған ғой...

Бұл еңбекті, бейбіт еңбекті сағынған ердің шын сөзі болатын.

Армиядан келгеннен кейін табан аудармай 9 жыл бойы Львовта облыстық ауылшаруашылық басқармасы бастығының орынбасары болып істеді. Қазақстан мен Алтайда миллиондаған гектар жерді Отан игілігіне айналдыруға мыңдаған патриоттар аттанып жатқанда, «Менің де орным сонда, тыңда» деген ойға келді Романов. Оның өтініші қабылданып, Москва шақырып алды. Енді міне «сусыз» ауданға келе жатыр. Бұл күнге дейін

рініп қалып жүрмесе... Оны мазалаған ой осы еді.

1954 жылы 16 ноябрь күні Виктор Петрович Галкино селосына келіп жетті. Қар басқан жазық дала. Ол болашақ совхоз орнайтын жерден 5 километрдей ғана тұратын Еленовка селосында бір үйге жайғасты. Сибирь табиғатының перзенті бұл араның ауа райын өзінің төл орталығындай сезінді. Шыңылтыр аяз, таза ауа, қарлы боран — бәрі де Сибирьден бір аумады екен.

Келесі күні ол совхоздың болашақ орнын барып көрді. Омбы қарға малтығып жүріп, ескі хутор жұртынан төрт құдық тауып қайтты.

Бізге осы жайларды айта отырып:

— «Сусыз» аудан деген сонау ойымнан енді өзімнен өзім ұяламын. Әдетте, біз Отанымыздың географиясын жақсы білеміз деп ойлаймыз, жоқ, біз аз біледі екенбіз,— деді ол.

...Совхозға өзі тіленіп январь айында армиядан қайтқан бір топ солдат келді. Еленовка адамдары бұларға да пана тапты. Солдаттар жазда салынатын құрылысқа ағаш әзірлеуге аттанды. Адамдардың көбіне вагонқоста тұруға тура келді. Айнала ұйтқыған боран. Вагондағы пештің трубасы арыстанша азынайды. Іңірде жатып таңертең түрегелсең, вагонның ық жағын басқан қар есікті де ашқызбайды. Беті-қолды қармен жуу әдетке айналып кетті.

Техника қалың қар үстінде. Жас трактористер қолдың қарылғанын да, аяздың қаталдығын да елең қылған жоқ, тракторларды егіске әзірледі.

Апрельдің аяқ шенінде тың игерушілер егіс даласына аттанды. 6 бригада әр жерге орналасты.

Айдың аяқ шенінде бір күні комсорг Саша Банцирова күнделігіне:

«Бүгін қазақ даласының соқа тимеген бір өңірінде алғашқы борозда тартылды — тыңға шабуыл басталды! Біздің комсомолецтер жалты жыйналыста берген салтанатты уәдесін абыроймен орындап шығады!» деп жазды.

Көктем егісі қауырт басталып, қауырт аяқталды. Совхоз жоспарды асыра орындап, 13000 гектар тың көтерді.

«Сусыз» аудандағы алғашқы тіршілік осылай басталды.

ІЗДЕНУДЕН ТУҒАН ІЗГІ ОЙ

Менің 12—13 жасар кезімде колхоз пішенді бір пар өгіз, сыңар ат жеккен шөп машинасымен шабатын еді. Біздер, балалар, жазғы

демалыста колхозға көмектесетінбіз. Бір күні таңертең өзімнің қарамағымдағы екі өгізім табынға еріп жонға кетіп қалыпты. Тұсаулы атты ұстап міне сала, өгіздерді іздеуге кеттім. Жан-жағыма алақтап келе жатып, беліме қыстырған қамшымды жолда түсіріп алыппын. Әрі іздеп, бері іздеп таба алсамшы. Қақ қаласы деп қазақтар атайтын Хасновка хуторының ескі жұртынан өткен кезде бар сыяқты еді, қамшымды сол арадан іздей бастадым. Бесалты үйдің жұртының үстінен мен де бесалты рет өткен болармын. Әзер дегенде қамшымды тауып, өгіздерімді айдап қосқа да келдім-ау...

Кешкіде Рахымберлі қарттан:

— Бұл хутордың адамдары қайда? Қаласын неге тастап кеткен? — деп сұрағанымда:


— Балам-ай, қатігез табиғат кімге жібіп еді? Егін егеміз, жоқтықтан құтыламыз деп келген жалғыз атты, ағаш соқалы крестьяндар ештеңе өндіре алмай босып кетті. Бұл — солардың жұрты. Арып-талып сонау Украинадан келіп еді, еңбегі еш болды есіл ерлердің. Біздің де ерніміз ақ нанына тиер ме деп едік. Ол ниет те тасқа соғылды. Ол Октябрьден бұрын болатын,— деп еді. Шалдың осыны айтқанына 20 жыл өтіпті.

Өмірде адам нанғысыз, ойдан шығарылғандай жайлар да кездеседі. Мен сол құлазыған ескі жұрттың еңбекпен жанданғанын өз көзіммен быйыл көрдім.

Сол жұрттың орнына жаңа совхоз орталығы орнап жатыр. Сонау босып кеткен украиндық Микола мен Шамрайдың немерелері, мүмкін, осы совхозда да жүрген болар. Сорлы атаның қолында ол кезде ағаш соқа ғана бар еді, ал енді немеренің қолына қуатты трактор, өзі жүретін комбайн, алып автомобиль, электр мастерскойлары... — озат техника берілген. Сорлы әке бес десятин жерді шұқылаушы еді, ал немерелер мыңдаған, миллиондаған гектар жерге егін салады... Екі ұрпақ — екі түрлі тағдыр!..

Осынша ерлік еңбек етушілерге әдемі де ыңғайлы құрылыстар салу керек — қала орнату керек. Совхоз орманнан да, таулы — тасты жерлерден де алыста. Ендеше, әрі арзан, әрі жақын құрылыс материалын табу қажет.

Мұнда бір-ақ мүмкіншілік, жалғыз-ақ материал бар: саманды қолдан құю. Ұра қазып, алыстан су жеткізіп, сабанға араластырып балшық илеп, оны қалыппен құю керек. Әсіресе қыйнайтыны да, өнімсізі де — балшық басу. Әдеттегідей, алғашқыда жаз басында құрылысшылар жаяу да, атпен де балшық басып,



Жүгеріні шаршы-ұялап егу.

саман құйып көрді. Соңшама көп адам жыйналып еңбек еткенде күніне 3 000 кірпіш қана шығара алды. Быйылғы 1955 жылдың өзінде ірілі-ұсақты 41 құрылыс салу міндеті тұр. Ал, мына қалыппен жоспарды жүзеге асыру мүмкін болар түрі жоқ.

Сонда не істеу керек?

Совхоз басшылары көп толғанды, ізденді. Ізденген табады. Сол ізденуден келіп, ақырында ізгі ой туды. Ізгі ой жемісін берді. Мен совхоз орталығына жаңа іс басталып жатқанда келдім. Әзірге кеңсе болып отырған вагонның оңтүстік батысы қара құрық адам екен. Біз де солай беттедік.

Баяғы ауылдағы балшық илейтін алақандай ұра емес. Мынау жатқан кең бір кеңістік. Ұзындығы 100 метрдей, ені 10 метрдей жер. Топырағы қопсытылған. Бетіне су төгілген, сабан себілген. «ДТ-54» тракторы ұраның бір шетінен түсіп алды да, сабан мен сазды араластырып екінші шетіне бір-ақ шықты. Ол осы қыймылын әлденеше қайталады. Сабан құятын лай әп-сәтте әзір болды. Енді лайды үлкен астауша темір сүйретпемен құрғаққа шығарды. Қалыпшылар қаз-қатар тұра қалып, саман құя бастады. Шөптесін алаңқайды самсаған самандар тарсынғандай еді.

— Саманды бұлай құю табылған ақыл екен! — дедік біз. Қазан қаласынан келген комсомолка Разида Салиховна біздің жаңымызда тұр еді, ол мақтанышты тішінмен:

— Біздің парторг иптәшіміз мықты адам! — деді. Бұл сөздің тап сабан құюға не қатысы барын алғашқыда аңғармай да қалып едік. Біздің сол әлпетімізді аңдап қалған Разида өзі түсіндірді.

— Осыдан үш күн бұрын біз күніне не ба-

ры 3 000 ғана кірпіш құйдық. Ал кеше жаңа әдіспен саман санын тәулігіне он мыңға жеткіздік. Трактормен лай жасауды біздің парторг Александр Александрович Коротков ойлап тапты.

— Ізденуден туған ізгі ой! — деді менің жанымдағы жолдасым.

Тракторист Николай Ефимович Шулаев қос басынан совхоз орталығында қалған кішкентай Анатолийын сағынып қайтты.

Әйелі Антонина мен Толя жұртпен бірге шатырда тұратын. Алғашқы қазық қағылған жер осы болатын-ды.

— Сенің «тың игеруші» Толяң мыңқ етер емес. Көктемнің сынынан жақсы өтті, — деді Николайға қарсы жолыққан совхоз дәрігері Ирина Александровна. Әке жүрегі лүп-лүп соқты. Толя бес-алты күннің өзінде шыйрыға түскен, тығыршықтай, шымыр көрінді.

Николай әйеліне көкейіндегісін айтты:

— Біз осында гастрольге келген жоқпыз ғой. Жер мынау, қандай жақсы құнарлы Құлынды даласымен іргелес дала. Балық ауласақ көлі анау, құс атсақ қамысты қопа, шілік тоғайы тағы бар. Темір жолы 25 километрде. Үй салу жағын ойласақ, Қазандағы кемпіршалға хат жазып шақыртсақ. Антонина бұған бірден келісті.

Өзі үй салуды тілегендердің бірі болып Николай да совхоздан 10 мың сом қаржы алып, ірге қалауға кірісті. Біз барғанда Николайдың үйінің төбесі жабылып біткен екен.

...Тың игерушілер қаласы қазірдің өзінде бой түзеп қалған. Төрт пәтерлік төрт үй, 54 адамнан сыятын екі жатақхана, үлкен асхана, уақытша салынған электр станциясы... бар.

Совхоз қазір қаулаған өмірге кірді. Мұнда келушілер тыңнан мәңгілік ірге тебуде. Талай нәресте қазірдің өзінде осы совхозда дүниеге келді. Олар осында өседі, ержетеді, азамат болады.

Күндердің бір күнінде оларға «Қай жерде тудың?» деген сұрақ қойылса:

— Мен Қарабидай астық совхозында жеңіс жылында — 1955 жылы тудым, — деп мақтанышпен айтар болар.

Сөйтіп жаңа совхоз Отан картасына — ерлік еңбек картасына түсті. Оның енді өз аты мен тұрақты адресі бар. Дүниенің қай бұрышынан жазылса да хат пен телеграмма тура келеді. Балалар, тың игеруші ерлерге хат жазғыларың келсе, оның адресі мынау:

Павлодар облысы,
Галкин ауданы
Қарабидай совхозы.



Жол үстінде

Әңгіме

Аппақ ұла қар жамылған жазық дала. Сәске түс. Аспан ашық. Түтін шалқыр леп жоқ. Айнала «құлаққа ұрған танадай тым-тырыс.

Бөктері тоғайлы, шілікті быдырқай төбешік болып келіп, етегін кең жазық даламен ұштасатын көлбеу қабақтан дәу қызыл өгіздің жалпақ сауырышына тоқым төсеп, жайдақ мінген, аяғында кирзо етігі, үстінде сары матадан тігілген мақталы фуфайкасы, шалбары, басында былғарымен тысталған ақ малақайы, арқасында ранені бар он екі-он үш жастар шамасындағы дөңгелек жүз, ақсары бала шыға келді.

Кенет баланың көзі алдағы ойпатта қарға белшесінен батып, қыймылсыз тұрған қаракөк «Победаға» түсіп кетті. Оның алдында да, ішінде де тірі жан көрінбейді. Жақындап келгенде, машинаның жол сорақысына терең шөгіп қалғанын көрді бала. Ішінде, артқы орында, былғары пальто киген біреу басын жағасына тыға, қолын қусырышып, қылжыйып жатыр.

Жүрдек өгізімен машинаны бір айналып қарап шықты да:

— Әу, машинада кім бар? — деп дауыстады бала.

Былғары пальтолы селк етіп, басын жұлып алды. Бұл басында мыйығына түсіре киген көк бұйра кубанкасы бар, танауының астына шөкім қырбық қарамұрт қойған ат жақты, ашаң, қараторы, толықша адам екен. Ол әуелі үнің қай жақтан шыққанын білмей, төңірекке абдырай жалтақтап, сонан соң өгізді бала көзіне түскенде, сен кімсің дегендей сүзіліп қарай қалды. Ал,

өгіз үстіндегі бала, дауыстағаныма ояңбасаң, машинаңды жондата тартып-тартып жіберуге әзірмін дегендей, қамшысын оңтайлай ұстап, бір жамбасымен қыйыстап тұр.

Қара мұрт ілгері ұмтылып, машина есігін ашып жіберді де, қарлыққан жарықшақ үнмен:

— Бала, қайдан келесің? — деп сұрады.

— Үйден.

— Үйің қайда?

Бала бұйда ұстаған қолының бармағымен иығынан асыра нұсқап:

— Мынау қабақтың астында, — деді.

Қара мұрт есікке жақындай түсті.

— Осы арадан қашық па ол?

— Жоқ, қашық емес.

— Сен мұнда не істеуші едің?

— Шешем құс фермасында жұмыс істейді. Өзім оқыймын. Кеше демалыста үйге келіп едім.

— Сен «Партсъезд» артелінде оқыйсың ба?

— Ия.

— Ол осы арадан қанша жер?

— Он километрден аспаса, кем емес.

— Қап, эттегеней! — деп, маңдай терісі қатпарлана қыйналды қара мұрт. — Бұл маңда үй барын білмегенімізді қарашы. Түні бойы осында түнеп шықтық. Көрдің бе машинамыздың белшесінен батып қалғанын. Біз де «Партсъезге» бармақшы едік. Мынау жолдарың жол емес екен.

— Сіздер өздеріңіз теріс кетісіздер, — деді бала пысық үнмен мығымдай сөйлеп, — анау дөңестің үстіндегі жолмен жүрулеріңіз керек еді. Мынау әбден сойылып, бұзылып қалған жол. Қайта мына араға тығылғандарыңыз жақсы болған. Сәл ілгері жүре түскендеріңізде әне бір ара кілең бір апан-жыра, соның біріне күмп берулеріңіз мүмкін еді. Ал, артқы жағын аздап тазалап жіберсе, мына жерден кейін қарай он-оңай-ақ шығып кетуге болады ғой.

— Шофер бұрын бұл жермен жүріп көрмеген екен. Әрі күн жылынып, жер құрғап қалған шақта аяқ астынан қарлы борандатып кетерін кім білген. Күрек те алмай шығыппыз. Кеше айналасы үш-төрт сағаттың ішінде қыс қайта орнап, басып қалды ғой қар. Бағана ертеден бері азаптанып-азаптанып, түк өндіре алмай мысымыз құрған соң шофер әлгінде күрек әкелуге колхозға жаяу кетті. Енді ол келгенше — кенет қара мұрт басына қуанышты бір ой сап ете қалғандай, — ей, балақай, — деді, — өгіздің жүйрік пе? Шоферды қусаң қайтеді? Күрек сендердікінен табылатын болса, босқа сандалтып қайтеміз оны?

Бала жайбарақат түрмен ақсыя күлді де: — Шоферды өгізбен қуғанша, онан да шығарып алып машинамен қумаймыз ба? Мен қазір үйден күрек әкелейін, — деп, қамшы сабымен өгізінің мойнына сарт еткізіп бір салды да, тебініп жөнеле берді.

— Ей, ей, балақай, тоқтай тұр. Сен бері бұр мойныңды. — Қара мұрт ілгері ұмтылып, машинадан кеудесін сұғындырды, — сен қалай-қалай дейсің? Күрек әкелгеніңмен шоферсіз біз не тындырамыз?

Бала осы кезде өңк-өңк желіп бара жатқан өгіздің арқасына бейне бір цирк артисінше етбетінен жата қалып, аяғын айқастырып жіберіп, лезде теріс қарап мініп алды да: — Абыржымаңыз! Бәрі де реттеледі, — деп дауыстады. Ол осыны айтты да, өгізді сауырға тартып-тартып жіберіп, жаңағы өнерін тағы қайталап, қайтадан оң мініп алып тартып отырды.

Ойламаған жерден тап болған қаршадай бейтаныс баланың мына сөзін қалай ұғарын білмей, әрі оның өгіз арқасында көрсеткен өнерін қызықтап қара мұрт аңыра қарап тұрып қалды.

Бала тез қайтып оралды. Алдына көлденең ұстап алған күрегі бар. Онысын машина қасына келе бергенде лақтырып тастап, өзі өгізден топ етіп, жерге жеңіл секіріп түсті.

Қара мұрт бұл кезде машинаның күн жақ есігін ашып қойып қалың каучук ұлтанды қызыл туфли киген аяғын күн сәулесіне тосып бойына жылу лебі барған сайын сүйсініп, манаурап отырған.

Өгізін машинаның алдына байлап қойды да, бала фуфайкасын шешіп тастап, ысылған шоферларша сыбанын, доңғалақтардың астын тазалай бастады.

Ал қара мұрттың оған тигізер еш көмегі жоқ. Аяғына қар құйылудан сескеніп, машинадан түсе де алмай отыр.

Маңдайынан тері сорғалап, бала бір кезде оның қасына келді.

— Ал, ақсақал, енді машинаны қозғап көрейік.

— Балақай, мен болсам, шынымды айтайын, машинадан түк түсінбейтін адаммын. Ал сен болсаң былай, тым иелеу... жастау көрінесің. Машинаны жүргізе алушы ма едің?

— Қам жеменіз, ақсақал. Бұл бүгін ғана жүргізіп жүрген машина емес қой. — Бала машинаның ішіне мойын сұғындырды да жанармай көрсеткішке қарады, — о, бензин әлі мол екен.

Осыдан соң ол өгізін шешті де, бұйдасын мүйізіне орап, қамшыны мойнына байлап, келген жағына қарай:

— Үйге бар. Орта жолда жүріп қалма. Керегің болып қалуы мүмкін, тез бар, — деп айдан қоя берді. Өгіз құп көріп, түсінгендей-ақ өңкілдеп желе жөнелді.

Бала енді сенімді пішінмен келіп, рульге отырды. Кілтті оңға бұрап қойды. Аккумулятор жұмыс істей ме дегендей, дыбыс түймесін басып, дө-дөт еткізді. Осыдан соң педальді басып, газды ашып, машинаны оталдыра бастады. Оның әр қыймылы сенімді, батыл машық.

Бірақ, машина оңайлықпен от ала қоймап еді. Қара мұрт қайтадан абыржып, тынымсыздана бастады:

— Ей, қалқам, осыны шофер келгенше мазаламай-ақ қойсақ қайтеді... Бірдеңесін бүлдіріп алып жүрсек...

— Бүлінетін түгі де жоқ, — деді бала, — моторы суып қалыпты. Қазір жылытамыз.

...Міне ақыры машина оталды. Бағанадан бері мелініп сұлақ тұрған металл дененің бойына жан бітіп, қан тарағандай болды. Ілгері-кейінді бұлқына ұмтылып, көкшіл түтінді астынан бүрк-бүрк шығарды да, енді бір сәтте ол кейін қарай оп-оңай шықты да кетті.

Бұлай боларына сеніңкіремей отырған қара мұрт:

— Ой молодец, жарайсың! — деп қуанып қалды.

Машинаның оңайлықпен шықпағанын, оның доңғалақтары мен артқы мостының астын тазалауда баланың көп еңбек сіңіргенін ол енді көріп, іштей: мынау бір еңбекқор керемет бала ғой өзі деп, қатты сүйсінді.

Машина оңға қарай қыялап барып, тегіс, қатқыл жолға түсті. Кенегі мол жауған көбік қар мұны да көміп қалған. Машина соның сорабымен зырлап келеді. Әлден уақыттан кейін бұл жолға ілгері кеткен жалғыз жаяудың ізі келіп қосылды.

— Мынау шофердің ізі ғой, — деді қара мұрт. Оны бала ол айтпаса да біліп келе жатқан.

Із бейнебір тартылған жіптей шұбалып, машина бауырына еніп қалып жатыр. Қара мұрт біресе терезеден қар бүркеген аппақ далаға көз тігеді, біресе қасындағы баланың руль ұстаған салалы, кішкентай қоңыр-



қай қолына, алға қадала қараған байсалды, ақылды келбетіне сүйсіне қарайды.

— Балақай, — деді ол бір кезде, — сенің атың кім осы?

— Атым Ербол.

«Ербол десе, болатын-ақ бала екенсің», — дей жазды қалды қара мұрт.

Міне бұлар «Партсъезге» жақындап қалды. Алдағы белестен асса, жетіп те барады. Кенет алдан қарайған бірдеңе көрінді. Адам екен отырған. Машинаны көріп орнынан тұра келді. Ол — бағанадан бері бұларды бастан келе жатқан іздің иесі, осы машинаның шофері. Өзіне қарай самғап келе жатқан «Победаның» өзінікі екенін ол, әрине, білген жоқ. Жол шетіне шығып, ол қолын көтерді. Машина қатараласа беріп, тоқтай қалды.

— Алдағы селоға шейін ала кетіңізші, — деп отында ол бала шофердан.

— Отырыңыз.

Жаяу шофер машинаның арт жағына отырып жатып, Ерболдың қасында отырған өз қожасын жаңа байқады.

— Ау, Дәке, сіз де мұнда ма едіңіз?

— Өзің көрер де емессің ғой.

— Ойбай-ау, машинаны иесіз тастап кеткеніңіз қалай?

— Ешкім тие қоймас, — деп күлді Дәкесі.

— Тие қоймасыңыз қалай, далаға тастап кетуге бола ма екен. Мен барғанша, тоса тұруыңыз керек еді ғой. Айтпақшы мен кілтті де алмай ұмытып кетіпші, сіз алдыңыз ба оны?

— Алдым.

Машина мектеп үйінің алдына келіп тоқтады. Бала шофер аспай-саспай жерге түсті де, арт жақта отырған үлкен шоферға күле қарап:

— Сіз жоқта азырақ қожалық еткенімізге кешірім сұраймыз, ағасы. Машинаныз міне дін аман. Өзіңіз не болыңыз. Ендігәрі таныс емес жерлерге жол шеккенде бейқам болмай, күрек ала жүргейсіз, — деді.

Б. СОҚПАҚБАЕВ.



СЕНТЯБРЬ

Жазды күні үйенкінің, қайыңның немесе тораңғының жапырағын жұлып алу үшін әжептәуір тегеурін керек. Ал, күзде оларға саусағың сәл тиіп кетсе болғаны үзіліп кете береді. Болмашы самал ессе-ақ жапырақ, ажырағысыз бұтағынан бөлініп, әлде қайда аулаққа кете барды.

Міне, енді жапырақтар түсіп жатыр... Олар өздерінің міндетін орындап болғанға ұқсайды. Жазда көк жапырақ, бейне бір шағын химия заводына ұқсап, күн сәулесі әрекетімен, тамыр арқылы ағаш өзегіне бойлайтын судан және көмірқышқыл газынан, өсімдікке тірі талшық болып құралатын заттар жасап беріп тұрған еді. Жапырақ жазда мұнымен қоса тағы да бір іс тындырады. Ол химия заводы болумен қабат күшті насос станциясының да жұмысын орындады. Жапырақ өзінің сансыз көп күлте саңылауларымен суды бұға айналдырады да, ылғалды үнемі тамырдан жоғарыға сүйрейді. Егер ылғал тапшы болып құрғақшылық басталса, жапырақ жаздың күнінде де сарғайып түсе бастайды. Мұны ағаш бойындағы судан айрылып қалмау үшін істейді. Өйткені жапырақ тірі тұрса ағаштың бойындағы суды бұға айналдырып ұшырумен діңкесін құртады. Ал, ағаштың жапырағын күзде тастайтын себебі не? Күзде ылғал мол емес пе? Тіпті ол күзде керектен де асып жатпай ма? Толассыз жауған жаңбырдан жердің бәрі езіліп, көрінген жерге қақ тұрады, шалпылдаған батпақтан аяқ алып жүру қиынға айналады емес пе! Телегей-теңіз жер бетіне қақ тұрып қанша су молшылығы болғанымен, зейін қойған адамға орманның шөліккеп тұрғанын білу қиын емес. Су көп болғанымен суық, ал тамырдың нәзік талшықтарының суық топырақтан суық суды соруға шамасы жетпейді. Демек ағаштың жаңбыр көп жауған күзде жапырағын тастайтын себебі де ыстық, қуаңшылық жаздағы тәрізді.



Жапырақтың түсуі ағашты тағы бір апаттан қорғайды. Егер жапырақ қысқа қалып қойса, оған тұрған қардың салмағы ағашты омырып жіберген болар еді.

Сентябрь — құс қайтатын ай. Сендер күзгі сұрғылт, суық аспанда тізбектеліп ұшып бара жатқан қаздарды, үйректерді, тырналарды көресіндер. Олар ортасына көсем салып, екі жақ тізбегін қыйғаштап тежей ұшады. Оның себебі: көсемше ұшқан құс әуені жарып жол сызады да, екі жақтағы қанаттастарға жеңілдік береді. Әуе ағымына қырын ұшқан екі жақтағы құстар көсемшеден әлде қайда тың отырады. Шаршаған кезде көсемше ұшқан құс тізбектің ең соңғы қатарына ауысады да, оның орнын қасындағы біреу басады. Көсемшенің орны осылайша алмаса береді. Құс тізбегінің әрқашан мүйіс болып ұшатын себебі, міне осы.

Құс қайда қайтады? Алысқа бара ма? Жазда бізге келіп жұмыртқалайтын су құстарының көбі онша алысқа кетпейді — Қара теңіз бен Қаспий теңізінің оңтүстік жағалауларын қыстайды. Алайда солардың ішінде де ит өлген жер сонау оңтүстік Африкаға тіпті Австралияға мұхиттың аржағына тартып беретіндері де бар.

Құстар қыс боларын күні бұрын болжандықтан қайтпайды. Кетуге қыстың боларын білмейтін быйылғы темірқанат балапандар да әзірленеді ғой. Оның себебі күзге қарай құстың денесін делебе қоздыратын ерекше желік заты пайда болады. Міне сол зат құсты еріксіз үйірге қосылуға, ұшуға желіктіреді. Ғалымдар «желік затты» құсқа жазда егіп байқағанда, олар ерте, күз болмай-ақ кетуге әзірленген.

Бұл айда аю мен қасқыр түлеп болады. Аңдар түлеп жүндене, семіре қысқа әзірленіп жатқан шақта қоян үшінші рет балайды. Жақында қыс түсуі оларға оша хауіпті емес. Көжек тез өседі. Бірінші қар жауғанша бұл көжектер де санатқа қосылып үлгіреді.

Жыйырма екінші сентябрьде күн мен түн теңеледі. Онан әрі түн ұзара береді.

Сентябрьдің қараңғы, ұзақ түнінде жұлдыздар жақсы көрінеді. Сендердің де оларды бақылап көрулеріне болады. Әуелі Жетіқарақшыны табындар. Жетіқарақшының арасын ойша сызықпен қосса шөміштің суреті шығады. Осыған ұқсас тағы да бір шоғыр жұлдыз бар. Ол — Үркер. Жай көзбен оның алты жұлдызын ғана көруге болады. Ал, шынында оның өзі жүздеген жұлдыздың шоғыры. Бұлардың өзге жұлдыздардан айырмасы, сан миллиард өзге жұлдыздардың ортасында жұбын жазбастан бір шоғыр болып, бір бағытта ғана жылжыйды. Бірінен бірі алыстамайды да, біріне бірі жуықтамайды да. Олардың арасында ауыры да, жеңілі де, орасан үлкені де, тым кішкенесі де бар. Соған қарағанда Үркер Жетіқарақшыдан көп кейін пайда болған. Оның әлі жұбын жазбауы да осы болар деп жорамалдайды ғалымдар.

Бемалық уақытында




ЖАУАПТАР

РЕБУС

ҚЫТАЙ ЖҰМБАҒЫ

«Пионер» журналының 1955 жылғы 7-санындағы кроссвордтар мен ребустың шешуі:

«РЕБУС»



— Неше балық ұстадым? — деп сұрады жұрт балықшыдан.
— Алтауының басы жоқ, тоғызының құйрығы жоқ, сегіздің жартысы. Неше балық ұстадым? Табындар!

«Дана болсаң, шала болма»

«КРОССВОРД»



ЖҰМБАҚТАР

Өмірі шықпай үйден бір.
Өз үйін өзі сүйреп жүр.

Көлденеңінен:

1. Нил. 5. Сен. 6. Волга. 8. Кесге. 10. Барн. 11. Руза. 13. Сатирк. 16. Кап. 18. Пеш. 21. Рим. 22. Корея. 23. Онега. 24. Рур. 26. Сүт. 28. Ара. 31. Кочубей. 37. Кеме. 38. Атақ. 39. Катет. 40. Нарын. 41. Бор. 42. Ана.

Арайынды он.
Кигені екі тон.

Жаздай інге тығылып
Жатқан қызыл түлкіні
Құйырығынан суырып
Әкелді әжем бір күні.

М. ЖАМАНБАЛИНОВ.

Тігінен:

2. Луара. 3. Алма. 4. Есіл. 5. Сазан. 6. Висла. 7. Арпа. 8. Комн. 9. Ереже. 12. Тигр. 13. Спартак. 14. Кошевой. 15. Кыргыз. 16. Камыс. 17. Пакет. 18. Прага. 19. Шырша. 20. Қарта. 25. Амур. 27. Үйрек. 29. Роман. 30. Днепр. 32. Охот. 33. Емен. 34. Драма. 35. Чита. 36. Жора.

«ДАҢҚТЫ ДАТАЛАР»

Көлденеңінен:

- 1—1581, 3—1551, 5—1169, 6—1611, 8—1122, 10—1201, 12—1641, 14—1556, 15—1503, 16—1240.

Тігінен:

- 1—1651, 2—1111, 3—1591, 4—1242, 7—1610, 9—1136, 10—1241, 11—1113, 12—1671, 13—1380.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

Совет Қалиев (Үштөбе станциясы),
Роза Бекмүрзина (Алматы облысы),
Күлдәрі Оспанова (Талдықорған облысы).

Мына ребусты шешкенде орыс халқының шындық туралы айтқан мақалы шығады.

Ж. ШОРИН.

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Алтықарасу орта мектебі.

РЕБУС



Мына ребуста ұлы ақын А. С. Пушкиннің орыс тілі туралы айтқан сөзі жазылған.

Көне, кім бұрын шешер екен?
Құрастырған Қ. ҚАЙЫМОВ.
Алматы қаласы.

ТАҒЫ ДА ЕКІЛІК




Диктант жаздың жолдасыннан көшіріп,
Мақтанасын өзгелерге өтірік.
«Осы жолы «б» ке жаздым» десен де —
Табеліне түсіп жатыр екілік.

Қ. ДӘРІБАЕВ.

ЖҰМБАҚ

Ұзын тұмсық сауысқан
Бір көлдің суын тауысқан.
Ш. САЛЫҚБАЕВ.
Мерке станциясы.



1) Мектепке таранып, таза және ұқыпты киініп келуге міндетті.

2) Жасы үлкендерді сыйлауға, мектепте, көшеде және жұртшылық орындарда кішіпейіл және әдепті болуға міндетті.

3. Мектеп мүлкін сақтауға міндетті. Өз нәрселеріне және жолдастарының нәрселеріне құнттылықпен қарауға міндетті.

4. Қарт адамдарға, кішкене балаларға, әлсіз, науқас адамдарға қайырымды және қамқоршы болуға, оларға жол беруге, орын беруге, барынша жәрдемдесуге міндетті.

